



Жас өркен Қостанай



6 (91) қараша-желтоқсан 2017 жыл

МЕНШІК ИЕСІ:

Ахмет Байтұрсынов
атындағы
Қостанай мемлекеттік
университеті.
Ректор Хусаин ВАЛИЕВ

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Төраға
Кенжеғали САҒАДИЕВ
Диқан ҚАМЗАБЕК
Хусаин ВАЛИЕВ
Алмас ӘБСАДЫҚ
Гүлнар БЕРКЕНОВА

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор
Ақылбек ШАЯХМЕТ
8(705) 650-65-51
шығарушы редактор
Жанболат КЕНЖЕҒҰЛ
8(778) 758-84-80
менеджер-дизайнер
Айтолқын ҚАПАН

Журнал ҚР Мәдениет,
ақпарат және
қоғамдық келісім
министрлігінде
2002 жылы
18 қарашада тіркеліп,
№3386-Ж куәлігі берілген.
Екі айда бір рет шығады.
Редакцияға келіп түскен
хаттар әдеби өңделеді,
қысқартылады,
түзетіледі. Көлемі үш
компьютерлік беттен асқан
материалдар қабылданбайды.

ТӘУЕЛСІЗДІК

*Өтті талай басынан азалы күн,
Әлемнің аударғандай назарын мың.
Азаттықтың жолында арналысқан,
Азабы аз болмады қазағымның.*

*Талай арыс құрбан болды елімді ойлап,
Қырандай қырағы еді елімде-айбат.
«Қаратаудың басынан көш келгенде»,
Ұл-қызы теңітіреді «Елім-айлап».*

*Көз тігіп қарағанда өткеніне,
Туғырынан таймады текті елім де.
Қаниша бұғау көрсе де бұқпаған ел,
Сабыр қылды өмірдің өткеліне.*

*Бәйшешектей мұз астында өскен елім,
Талай нәубет, тар жол тайғақ кешкен елім.
Дала жастыр куә боп дүбірлерге,
Бақыты мен қасіреті көшпелі елдің.*

*Мұқалмайтын тұлпардың тұяғы бар,
Көкірегінен жерімнің күй ағылар.
Болашағын ойлады бариша жұрттың,
Бейімбет пен Сәкендей зиялылар.*

*Жүрегінде маздап от, жанған жсалың,
Мұстафа мен Гиястай заңғарларың.
Ахаң менен Жахаңның арманы еді,
Өшпеген үміті еді Мағжандардың.*

*Елің сүйген ел болмаса қайтер едім,
Маржандай ғып кеземін, ой теремін.
Кенесары, Наурызбай асқар ұлдар,
Абылай хан алып таудай бәйтерегім.*

*Желбіреді намысын жалаудай боп,
Жүрегінде жастардың жанғандай от.
Желтоқсанда жастарым алаңға кеп,
Лапылдады мұзда жанған алаудай боп.*

*Қазағым, айдарыңнан жел ескенде,
Өзге елмен терезең теңескенде.
Кореген Елбасының арқасында,
Қол жеткіздік талай-талай белестерге.*

*Ел бірлігін ойсырай әлсіреткен,
Жұмыла кеп құтылдық қасіреттен.
Қазағымның біртуар-елбасшысы,
Бағы болар басыңа нәсіп еткен.*

*Ежелден аңсағаным теңдік еді,
Егемендік деп соқты ел жүрегі.
Қайраттардың ерлігі арқасында,
Көгімде көк байрағым желбіреді.*

*Көз салып келешектің нұр таңына,
Жазылар жақсылыққа жыр сағына.
Аңсаған ата-баба-Егемендік,
Бергейсің тек тыныштық ұрпағыңа.*

*Ұлының орны болар анық тордең,
Сол батырлар халыққа жарық берген.
Рухына бабалардың бас иеміз,
Ұрпаққа тәуелсіздік алып берген.*

Нұрсұлтан Қасым,
КМУ-дың Филология
мамандығының студенті

Бізге ұнаған жүздесу

26 қазан күні Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтында халқымыздың бір туар ұлы, мәдениеттанушы-ғалым, дипломат, мемлекет және қоғам қайраткері Мұрат Мұхтарұлы Әуезов бастаған бір топ зиялы қауым өкілдерімен кездесу ұйымдастырылды. Заңғар жазушы Мұхтар Әуезовтің ұлы Мұрат Мұхтарұлы алдымен өзінің жақында жарық көрген «Времен связующая нить» және «Ділім» кітабын таныстырып, тұсауын кесті. Одан әрі жиналған жастарға ой түйерлік әсерлі әңгімесін жалғады. Өзінің өмір жолы мен әкесі Мұхтар Әуезов туралы естеліктермен бөлісті. Жастық шағын еске ала отырып, жастықтың қадірін білуге, жетістікке жетуге талпыну керектігін атап өтті. Кездесу барысында студенттер өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, тұщымды жауап ала алды.

Біз үшін осындай ұлы тұлғалармен кездесу үлкен мәртебе. Болашақ тұтқасын ұстар ұрпақ үшін ұлтжандылыққа, отансүйгіштікке тәрбиелейтін мағыналы сұхбаттар рухани жағынан жетілуге көп көмегін тигізері сөзсіз.

Ұлы бабамыз Төле бидің «Бір бала әкесінен өтіп туады, бір бала әкесіне жетіп туады, бір бала әкесінен кері кетіп туады» деген аталы сөзін Мұрат Мұхтарұлына қатысты әкесінен өтіп туған бала деп айтуға болады. Егемен еліміздің әдебиеті мен мәдениетінің дамуына қосқан үлесі орасан зор. Осындай тұлғалармен кездесу жастар үшін өте жақсы мүмкіндік. Жас ұрпақ болашақ өмірге азық болар ақыл-кеңестер алып, ой түйеді. Қостанайлық жастар үшін мұндай кездесудің маңызы зор. «Жақсымен сөйлескен жарты сағат, жаманның өтіп кеткен ғұмырындай» демекші Мұрат Мұхтарұлымен өткен кездесу жанға азық, рухани байлық бере алды.



Кенжегүл СҰЛТАНҒАЛИЕВА,
ҚМПИ, қазақ тілі мен әдебиеті
мамандығының 4 курс студенті

Алаш әдебиетіне қосылған кітап



Л.Н.Толстой атындағы Қостанай ОӘФК-ның 80 жылдық мерейтойы қарсаңында жалпытүріктік мәдениет пен әдебиетті дамытуға қосқан үлесі үшін Махмұт Қашқари атындағы халықаралық сыйлықтың және халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің профессоры Ақылбек Шаяхметтің шығармашылық кеші ұйымдастырылды. Сондай-ақ, биылғы жылы Алаш ұлттық автономиясының, Алаш партиясының және Алашорда үкіметінің құрылғанына 100 жыл толды. Яғни бірқатар Алаш қайраткерлерінің де мерейтойы қатар келіп тұр. Олардың бірі қазақ халқының бостандығы үшін аянбай еңбек еткен Алаш арысы Елдес Омарұлының туғанына биыл 125 жыл толды. Сәйкесінше кеш кейіпкері Ақылбек Қожаұлы және Марат Шуақаевтың құрастыруымен жарық көрген Елдес Омарұлының шығармаларының тұсаукесер рәсімі бір күнде ұйымдастырылды. Құрастырушы, математика ғылымының докторы, Елдес Омарұлының тікелей ұрпағы Марат Шуақаевтың арнайы келіп қатысуы кештің маңызын арттыра түсті.

Оқырмандарға бұл жинақтың жарық көргені жайында журналымыздың алдыңғы санында хабарлаған болатынбыз.

Елдес Омарұлы - тәуелсіздікке бастар азапты сапарда еңбегін аямаған белгілі қоғам қайраткері, ұлағатты ұстаз, көрнекті ғалымдардың бірі. Елдес Омарұлының қазақ тарихында алтын әріптермен жазылып қалуға

тиісті үлкен еңбегі Ахмет Байтұрсыновпен бірге 1926 жылы Әзірбайжанның астанасы Бакуде өткен түркітанушылардың бірінші құрылтайына (съезіне) қатысуы. Мұнда ол қызықты баяндама жасайды, баяндамасы мамандар тарапынан жақсы бағаға ие болады. Елдес Омарұлы Оқу комиссиясының мүшесі болған жылдарда да өнімді еңбек етеді, қазақ мектептері үшін арнаулы оқулықтар жазып, бірқатар кітаптарды орыс тілінен қазақ тіліне аударды. Ғалымның көптеген кітаптары Орынбор, Ташкент, Қызылорда қалаларында жарық көреді. Бұл кітаптардың біразы тілтануға, қазақ тілінің грамматикасына арналса, енді біразы хрестоматиялық негізде құрастырылған. Қалай болған күнде де ғалым қазақ мектебі үшін ауадай қажет оқулықпен қамтамасыз етуге өзі де жан аямай кірісіп, өзге кісілерді де осы мақсатқа жұмылдыра білген.

Бұл кеш арқылы көп зерттелмеуіне байланысты есімі жиі айтыла бермейтін біртуар тұлғалардың ерен еңбегін жас ұрпаққа насихаттау, үлгі ету көрініс тапты дегуге болады. Тағы бір айта кетерлігі кітапхананың 80 жылдық мерейтойына орайластырылған халықаралық конференция барысында аталмыш кітап әр өңірден келген қонақтарға тегін таратылды. Осындай қадамдар арқылы өзге аймақтағы оқырмандар үшін бұл кітаптың қолжетімділігі алдағы уақытта да арта түседі деген ойдамыз.

Жанболат Кенжегүл

Жұлдызы оңынан туған

Республикалық «Жұлдыз» журналының бас редакторы, ақын Ұлықбек Есдәулет әдебиет туралы былай деп бір тамаша ой айтқан екен. «Жалпы, әдебиет пен әдеп деген сөздің төркіні бір. Өйткені әдебиет бар жерде әдеп те болады. Халықтың, жұрттың, ұрпақтың тәрбиешісі – кітап. Соңғы жылдары кітапханалар ақын-жазушылардың әдеби кештерін тұрақты түрде ұйымдастырып келе жатыр. Мұның өзі кітап ордасының әдебиетке деген қамқорлығы деп білеміз», - деген екен ағамыз. Тамаша айтылған пікір.

Иә, біздер мүмкіндігімізше әдеби кештерді, түрлі кездесулерді ұйымдастырып тұруға тырысамыз.

Н.Островский атындағы қалалық кітапханасында жас қаламгермен кездесу болып өтті. Мұндай жүздесуді ұйымдастырудағы мақсатымыз зор. Жас ақындарды анықтау, олардың өлеңдерін насихаттау, шығармашылығына қолдау көрсету. Әдебиетке бет бұрған дарынды жас ақындардың жарқырап көрінуіне жол ашу. Шығармаларының танылып, оқырманға жетуіне қолдау көрсету. Жас ақындардың ішкі мүмкіндіктерін ашып, шабыттарына қанат бітіру. Сол арқылы руханиаттың маңызды саласы болып есептелетін әдебиет әлемінің жас буын, жаңа есімдермен толығуына үлес қосу. Өскелең жас ұрпақтың бойындағы отансүйіштік сезімін жалындатып, ұлтжанды азамат - егемен елдің ертеңі екенін сезіндіру. Талантты жас ақындарға қолдау көрсете отырып поэзия арқылы мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру. Жас буынды ұлттық мәдени құндылықтар рухына, қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу.

«Жаңа есімдерді ашамыз» атаулы жоба осындай мақсатта ұйымдастырылды. Бұл жоба 2016 жылы басталған болатын. Жобаның төңірегінде жас қаламгерлер Досжанова Қымбат Мұратбекқызы мен Мырзабай Сералы Раманұлын кітапханамыздың оқырмандары үшін ашқан болатынбыз. Бұл жолғы жаңа есім А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің студенті Зейнолла Оразхан болды. Сондай-ақ Зейнолла Оразхан Н.Островский ат. қалалық кітапхана қабырғасындағы «Толқын» шығармашылық студиясының мүшесі.

Кездесуге әдебиетке бет бұрған жас қаламгерімізге әркез тілсүлес әрі тілектес болып жүретін аға буын, ұстаздары, достары, әдебиетті сүйетін, өлеңді түсінетін оқырмандар жиналды.



Шара барысында «Толқын» шығармашылық студиясы мен «Тұмар» өнерлі жастар клубы мүшелерінің бастамасымен жас ақынның «Әже», «Жүрегімді бір өзіне байладым» атаулы өлеңдерінің желісімен оқырмандар назарына сахналанған қойылым тарту етілді. Ал «Поэзия минуты» айдарында жас қаламгердің тырнақалды туындылары оқылды.

Әдебиетте аға буыннан кейін келе жатқан жас ақындарды қолдау үрдісін дамыту мақсатында «Толқын» шығармашылық студиясы алдағы жылдарда айтулы жобаның жалғасы болып, осы бағытта жүйелі жұмыс атқаруды көздеп отыр.

Қашанда жергілікті ақын-жазушыларға қолдау көрсетіп, олардың шығармаларын өңір тұрғындары арасында кеңінен насихаттауға, әдеби ұйым мүшелерімен бірлесе жұмыс жасап, жас ақындар шығармашылығының дамуына кітапхана әкімшілігі тарапынан қашанда қолдау көрсетіледі.

Ботакөз Дүйсембаева,
Н. Островский атындағы қалалық
кітапхананың
ұлттық әдебиеттер секторының басшысы



Ақын деген бір ұлт бар



Қазан айының жиыrmасыншы жұлдызында Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінде танымал ақын, журналист, халықаралық "Алаш" сыйлығының иегері, "Жұлдыз" журналының редакторы Ұлықбек Есдәулетовтың шығармашылық кеші өтті. "Ақын деген бір ұлт бар" деп аталатын шығармашылық кешке мемлекет және қоғам қайраткері Мұрат Мұхтарұлы Әуезов, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері Аяған Сандыбай, "Қостанай таңы" газетінің бас редакторы Жанұзақ Аязбеков сынды белді тұлғалар арнайы келді. Кеш жүргізушісі белгілі ақын Ақылбек Шаяхмет Ұлықбек ағамыздың шығармашылығынан қысқаша мәлімет бере отырып, ол кісінің жазған еңбектерімен таныстырып өтті.

Ұлықбек Оразбайұлы Есдәулетов - 1954 жылы Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Үлкен Қаратал ауылында дүниеге келген. Журналист С. И. Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік Университетінің журналистика факультетін және М. Горький атындағы Әдебиет институты жанындағы жоғары әдеби курстық поэзия бөлімін әдебиетші мамандығы бойынша бітірген. "Жұлдыз жарығы", "Заманай", "Киіз кітап", "Алтай асулары" атты шығармалардың авторы. Шынайылықпен шыншылдықты жаны сүйетін тұлғаның осы күнге дейін жеткен жетістіктері мен марапаттары өте көп. Солардың бір-екеуін атап өтсек: 1976 жылы "Жігер" шығармашылық жастар байқауының жеңіпазы, 1986 жылы "Ақ керуен" кітабы үшін Қазақстан Ленин комсомол сыйлығының лауреаты, 2013 жылы "Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері" атағымен марапатталған.

Кеште ағамыз сөзінің басын Сырбай Мәуленовтың:

"Сен мені ойладың ба?

Мен сені түсімде көрдім

Тобылдың қойнауында

Тобылғы ішінде көрдім" - деген өлең үзіндісімен бастап, Тобыл-Торғай халқымен толық амандасты. Ақын өзінің шығармашылығын айта отырып, студенттік кезіндегі қызықты сәттерімен бөлісті. Сол кездердегі С.Мауленов,

Ж. Молдағалиев сияқты барлық қазақ еліне белгелі ұлы тұлғалардың ізін жалғап келгендігін айтып, әңгімесін одан әрі өрбітті. Көрнекті ақынның кешіне келіп, қуанышымен ортақтасқан әріптестері, ағалары, достары ақын жайлы өздерінің жақсы ой - пікірлерін жеткізді. Осы кешке арнайы қазақтың ұлы жазушысы, ғұлама ғалым Мұхтар Әуезовтың ұрпағы Мұрат Мұхтарұлы Әуезовте келгенін айтқан едік қой. Ол кісі Ұлықбек Есдәулетті бұрыннан білетіндігін, өте еңбекқор, сабырлы, білімді, ақын - журналист екендігін айтып алдағы уақытта тек шығармашылық табыс тілеп жылы лебізін білдірген болатын. Сонымен қатар университет қабырғасында білім алып жүрген журналистика, филология мамандығының студенттері ақынның шығармашылығынан өлең оқып, "Өнер студиясы" жастары ән шырқап жақсы көңіл-күй сыйлады.

Қарапайымдылығымен ерекшеленетін Ұлықбек ағамыз сөзінің соңында туған жері Зайсан мен Қостанайдың арасында берік байланыс бар екендігін, кезінде "Оян, қазақ", - деп шырылдаған Міржақов Дулатовтың Зайсан жеріндегі Қуаныш ауылында мұғалім болып қызмет атқарғанын, қазақ балаларына білім бергенін айта отырып, Торғай топрағында өсіп - өнген қасиеттің Зайсанға да дарығанын тілге тиек ете кетті.

Қазіргі жастарға ең бастысы-білім, ақыл, тапқырлық керек екендігін меңзеп, "надан адам ешқашан білімді адамды түсінбейді, себебі білімді болып көрмеген. Ал білімді адам надан адамды жақсы түсінеді. Себебі білімді болмас бұрын надан болған", -деп сөзін қорытындылады.

Осындай қазаққа белгілі ақын, журналист ағаларымыздың қаламызға келіп, шығармашылық кешін өткізіп жатқаны біз үшін үлкен мәртебе. Қазақтың байырғы салт -дәстүрін, тілін, дінін келешек ұрпаққа насихаттап жүрген ақын - жазушыларымыз аман болсын.

Сағыныш ИБРАГИМ
А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ-дың журналистика мамандығының 2 курс студенті

Қазақтың мақтанышы Кәмшат деген

Қазақтың атақты қызы, Социалистік еңбек ері Кәмшат Байғазықызы Дөненбаеваның қазасы барлық қазақ халқының қабырғасын қайыстырды. Кезінде қазақ қыздарының ауыл шаруашылық техникасын меңгеруіне үлгі болған Камшат апамыз Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің Құрмет дипломымен марапатталды. СОКП XXV съезінің делегаты, IX сайланған КСРО Жоғары Кеңесінің депутаты, 1980-1985 жылдары КСРО Жоғарғы Кеңесінің Ұлттар Кеңесі төрағасының орынбасары болды. 1976 жылы КСРО Мемлекеттік сыйлығын алды. Бір сөзбен айтқанда, қоғамдық жұмысқа белсене араласты, елдің сөзін сөйледі. Кәмшат апамыз көзі тірісінде әдеби шығармалардың кейіпкеріне айналды. Ол туралы Фариза Онғарсынова «Біздің Кәмшат» деген деректі повесть жазса, Ғафу Қайырбеков «Жұлдызды тағдырлар» поэмасының тұтас тарауын арнады.

Мен де кезінде ол кісіге арнап жыр жазған болатынмын. Онда:

Кәмшат Байғазықызы Дөненбаева
(1943 жылы 15 қыркүйек - 2017 жыл 9 қараша)

«Кәмшатпен танысқанда обкомда мен,
Көңілім көтеріліп, шақ тұрған ем.
Содан соң сол жырымды жоғалтып ап,
Жақында іздеп жүріп таптым әрең.
Сол кезде бал таматын таңдайынан,
Өлеңнің бөтелмеген қандайынан,
Қазақтың ақиығы Ғафу ақын
Кәмшаттың сүйіп еді мандайынан.
Қыздар көп апамыздай болсақ деген,
Қазақтың мақтанышы Кәмшат деген.
Дүбірлі жиында да міне бүгін
Осындай кездесуді аңсап келем.
Па, шіркін! Келбет қандай, дауыс қандай?
Ақыл мен көрік бірге қауышқандай.
Көпшілік қалыпты ұйып, мен де отырмын,
Апаммен жана ғана қауышқандай.
Айтқанда ол ел жағдайын, жердің жайын,
Тер төгіп, дән өсірген елдің жайын.
Қазақтың даласына ұксатамын
Кәмшаттың жарқыраған кең мандайын» - деген жүрекжарды жолдар бер еді.

Ардақты ана мұсылманның бес парызын орындап, қажылық санарға да барып қайтты. Кейінгі жылдары басынан ақ орамалын тастаған жоқ, барлық болмысымен, іс-әрекетімен қазақтың еңбек келіншектеріне үлгі болды. Оның жарқын бейнесі ел жүрегінде сақталады.

Жатқан жері жұмсақ, жаны жәнната болсын!

Ақылбек Шаяхмет
Қостанай қаласы.

АМАН БОЛ АҚ ТҰЛНАРЫ ПРОЗАНЫҢ

(Талантты жазушы, жерлесіміз, мемлекеттік сыйлықтың иегері Төлен Әбдіктің 75 жылдығына)

Арғы баба анық ізін дәл басқаның,
Абыройда – қрміе қрн, айлы аспанең.
Көркем сөз қрмбегіне қрлімдей кіріп,
Ішіне малдае ұррып жайғасқаның.

Қайранмын жаны жайлау боп жаралғанға,
Қаділет қалыңдаған қалам барда,
Пайымдасам пәленбай жыл пәтерде емес,
Мазасыз ұрмыр кешкен ой-орманда.

Адамның аралап ап жан жүйесін,
Алған – ау мәртебеден мәңгі рлесін.
Парақтап оқыған көп, тоқыған көп,
Роман, повесть, драма, әңгімесін.

Қалайша Алаш Жүгін ауыр көрсін,
Қаймақ-лебіз ұрғылған жауын дөрсін,
Парасаты парша-парша пенделерге,
Парасат майданын ашқан жауынгерсін.



Жалғанда рміт жібі рзілменгі,
Жрмеақ жел жүгіре жетіп жүзілді өмі.
Шаудай тұлға болған соң өздеріндей,
Шауларды Морғайымнан кім іздегі.

Қуатты қрмыраға ұрғып жәннәт дала,
Қалықтатты ұрдай берген қанат қана.
Қартайғаның қарасөз кім көріпті,
Қартаюға жазың жоқ талантты аға.

Мерлерін тамшылатпае текке кісі,
Моп етіп қолға қонды көктерісі.
Көркем сөз көк белінде жортып жүрген,
Көркем жер көкалаттың көк дөрісі.

Жаһанның бейнелеген кіл ажарын,
Суретшіден рзік сыр ерра, жаным,
Аман бол, шын ерлуы ерндар- ойдың,
Аман бол, ақ тұллары прозаның.



Нағашыбай МҰҚАТОВ
Қостанай қаласы

Аналар үйі

Қоғам мәселесін тарқатайық... Біздің Қостанай қаласында «Аналар үйі» қоғамдық қордың жұмыс жасап жатқаны туралы біреу білер, біреу білмес. «Аналар үйі» деген не? Бұл қор кімдерді өзінің қамқорлығына алады? Осы жайтты басты назарға алып, қаламыздағы аталмыш қорға барып келдік. Қордың қазіргі уақыттағы координаторы Бейсегова Сәуле Аманғалиқызымен сұхбат алып, үйдің хал-жағдайын көріп қайттық.

- Сәуле

Аманғалиқызы!

Сізбен жүздесіп отырғанымызға қуаныштымыз. «Аналар үйі» қоғам үшін қаншалықты маңызды болып табылады?

- «Аналар үйі» халық үшін маңызды жоба болып табылады. Болашақта қоғамда жетімдер мен тастандылардың санын азайтудың бірден-бір жолы деп те айта аламыз. Бала - ең нәзік, ең пәк жаратылыс. Оның болашағының жарқын болуы үшін ананың рөлі жоғары. Сондықтан біздің қоғам аналарды өз қамқорлығына алып, бауырына басу керек дейміз.

- «Аналар үйі» қоғамдық қоры қай уақыттан бастап жұмыс істейді және қандай мақсатпен құрылды?

- Қостанай қаласындағы «Аналар үйі» қоғамдық қоры желтоқсан айынан бастап жұмыс істейді. Аталмыш қорды қаржыландыратын меценатымыз «Цесна банк» акционерлік қоғамының басшысы Дәурен Жақсыбек. Ал осы бастаманың негізін қалаушы VI Group компаниясының бастығы Айдын Рахимбаев. Онымен қоса жан - жақтағы бизнесмендерден де қолдау сұрап, көмек көрсетіледі. Бұл жобаның негізгі мақсаты - тағдыр тәлкегіне ұшыраған, барар жері жоқ жас қыздар, күйеулері тастап кеткен, шарасыз күйге түскен әйелдерге көмек көрсету. Немесе қазіргі жас қыздар баласын туып балалар үйіне апарып тастайды, түсік жасатады, ал біз оны болдырмау масатында өз қамқорлығымызға аламыз. Біздің үйде аналар балаларын сақтап қалуға мүмкіндік алады.

- «Аналар үйі» қорының аясында аналарға қандай мүмкіншіліктер ұсынады?

- «Ана үйі» әйелдерге моральдық және қаржылай көмек көрсетеді, барлық керек жарағымен қамтамасыз етеді, оған тамақтану, киім, сәбиге қажет дүниенің



барлығы беріледі. Көп жағдайда қыздарымыздың құжаттары, тіпті туу туралы куәліктері де болмайды. Осындай жағдайға ұшыраған қыздардың барлығына құжаттарын дұрыстап береміз. ИІМ мен мемлекеттік органдармен тығыз байланыстамыз. Олар бізге әр уақытта көмектеседі. Қазіргі заманда тегін көмек деген жиі кездеседі. Сондықтан осындағы қыздарға құжатты қайта дайындау деген ол да бір үлкен жұмыс, үлкен көмек. Сонымен қатар ана мен баланы қасымыздағы төртінші емханаға тіркейміз, 1-1,5 жасқа дейінгі балаларға медициналық көмек көрсетіледі. Осының барлығы тегін.

-Материалдық көмектен басқа психологиялық тұрғыдан қандай көмек көрсетіліп жатыр?

-Психологиямыз бар. Қыздармен бірге тұрады. Дәл қазір қыздармен жұмыс істеп жатыр. Себебі қыздар психологтың көмегіне мұқтаж. Әр күн сайын күтіп отырады. Жоғары жақтан айына бір екі рет тексеріс жүргізіліп, психологтардың жұмысын қадағалап отырады. Сондықтан түрлі тренингтер өткізіледі. Қыздарымыз үйде бос отырмау үнін тигізуді де үйретеміз. Қасымызда тігін цехымыз бар. Аналар бізден кеткенде ең болмағанда тігуді үйреніп кетсін деген ниетпен ұйымдастырдық.

-Қанша жас аралығындағы қыз келіншектер көбірек келеді?

-Негізі жас шектеу отыз жасқа дейін. Көбіне жиырмадан жиырма бес аралығы қыздар көбірек келеді. Оқуын аяқтамағандар, он жеті жастағы кішкентай қыздарда келеді. Ал қазіргі уақытта ең үлкені жиырма тоғызда. Жетімдер үйінің түлегі. Жақында баласы бір жасқа толды.

-Ана мен бала осы үйде қанша уақытқа дейін

тұруға мүмкіндік алады?

-Әйелдерге балалары он сегіз айға толғанға дейін, яғни бір жарым жасқа дейін тұруға уақыт беріледі. Оған дейін аналар жай отырмайды. Біз оларды жұмыспен қамтамасыз етеміз, оқуларын жалғастыруға ниеттерін білдірсе, оқуға орналастырамыз. Олар жұмыста болғанда, балаларын біз қараймыз. Ал осы уақытқа дейін аналарымыз ақша жинап, өздерін қамтамасыз етуге күш жинап, аяқтарынан тік тұрады. Біз оның барлығын қадағалап отырамыз әрі кепілдік береміз.

-Кететін уақыты таяғанда, аяғынан тұра алмай қалған жағдайда мерзімін ұзарта алады ма?

Бүгін бір анамыздың баласы бір жарым жасқа толды. Біз оған кет деп айта алмаймыз. Астанадағы басшыларымыз қарап отыр ғой. Сол жоғары жақтағылармен ақылдасып бір екі ай мүмкіндік береміз. Сол бір екі айда ақша тауып, пәтер тауып ала алады. Бірақ бізде ондай жағдай болған емес. Барлығы қазіргі уақытта жұмыстарымен айналысып, қаражат жинауда.

-Төрт жыл уақыт ішінде қанша ана мен бала тәрбеленді?

Осы күнге дейін біздің үйде 126 ана 127 бала болды. Ал қазіргі таңда 9 ана 7 бала қолымызда. Осы тұста біздегі орын алған бір жағдайды айта кетейін. Өткен жылы біздің қорға белгілі бір жағдаймен жас әйел келіп түсті. Бұл әйелдің ата-анасының жағдайы болмаған. Ал күйеуі үш баласын алып Ресейге кетіп қалған, ал әйелдің құжаттары жарамсыз болғандықтан, шекарадан өте алмай қалып қойған. Баратын жері болмайды әрі төртінші баласына жүкті болады. Ауылда бір кісілер көріп, бізге қоңырау шалып, ауыл кеңесінің адамдары сол қызды алып келді. Бізде тұрды, бізде туды. Құжаттарын істеп бердік. Біздің үйде көп тұрған жоқ, қызы бір жасқа толмай Ресейге кетті.

-Аналарымыз аяқтан тұрып жатқанына, көмек берер адамдардың барына өте қуаныштымыз. Бірақ көпшілік бұл қордың қоғамға тигізер жаман жақтарын да байқап жатыр. Осы пікірге көзқарасыңыз қандай?

-Ия көбісі солай ойлайды, айтып та жатыр. Бір жағынан қарағанда, ол кісілердікі де дұрыс. Кез-келген адам жаман ойлайды ғой, қыздарға өмірге жеңіл қарауды үйретесіздер, қыздарды жинап алып, насихаттап жүрсіндер дейтіндер көп. Бірақ біз көмек сұраған жандардың жағдайына кіреміз. Шынымен барар жері жоқ, жағдайы жоқ бірақ баласын сақтап қалғысы келетін қыздар болады. Соларға үлкен мүмкіндік ұсынамыз. Біздің басты мақсат жоғарыда айтып кеткендей, баланы анасымен сақтап қалу. Өмірге жаман көз қараспен келген қыздар, осында келіп өмірге басқаша көзқараспен қарап, осындағы жағдайға икемделіп, өмір сүруге болатынын түсінеді, ана бақытын сезінеді. Бізге бұдан артық еш нәрсе керек емес. Осы тұста бұдан сіздерге қандай пайда деген сұрақ туындауы мүмкін.



Бізге пайда керек емес. Басында келген қыздар да бізге неге көмектесіп жатыр деп күмәнмен келеді. Қазір қыздар өздері күліп отырады, шынымен көмектесетін адамдар бар екеніне көздері жетті. Бізге балалар аман болса болғаны. Және сөзіме дәлел болсын. Жақында бір анамызға жұмысының өсу барысымен Астанаға жібермекші болған. Бастықтары баланы балалар үйіне тастауын өтінген. Ал қызымыз болса одан бас тартып, бізге шағымын айтып келді. Бұл балаға деген аналық махаббаты оянғанын білдіреді. Маған ешқандай да лауазымның керегі жоқ, балам аман болса болғаны деген ойға келді. Ал егер шынымен жұмыс істеп құлшынысы болса, біз Астанадағы филиалымызбен сөйлесіп, келісіп, ауыстыра аламыз. Міне осындай көмектер көрсетіліп жатырса, саған адамдар алғыс айтып риза болса бұдан артық бізге пайданың керегі жоқ.

-Қыздардың бір – бірімен ара қатынасы қандай?

-Бізде арнайы ереже бар. Қыздар келгенде барлығы ережемен толықтай танысып алады. Әр жақтан жиналған, әр түрлі ұлттың қыздары болғанымен, ешқандай келеңсіз жағдай туындамайды. Бір-бірімен бір үйдің қыздарындай тату.

-Сәуле ханым берген сұхбатыңызға көп рахмет. Осы аналарға жасап жатырған жақсылығыңызды Алла өзіңізге еселеп бергей. Еңбегіңіз жана берсін. Отбасыңыз аман болсын.

Сұхбаттасқан Абдрашит Айым,
ГӘФ журналистика мамандығының
2 курс студенті.

Менің әжем

Менің туған күнім жаздың алғашқы күні. Әжем айтпақшы, маусымның бірі күні, түскі сағат екіде туыппын. Әкем жастық дәуреннің қызығына тойып, үйдегілердің «Үйлен» деуінен қашқақтап, анама отызға таяғанда үйленген екен. Алғашында бәрі де жақсы болған. Әдетте отбасылық өмірдің бастапқы жылдары мөлдір махаббат пен сыйластыққа толы өтеді емес пе? Ата-әжем келінінің сый-құрметіне бөленіп, кішіпейілдігіне риза болып жүрген. Бірақ, сол күн жеткенге дейін, яғни, менің өмірге келетінімді білген күнге дейін.

Анамның бойына біткен сәттен бастап, оның өзінде бірқатар өзгерістер пайда болды. Тұйықталып, бөлмеде жата беретін, әкеме, үйдегі шаруа, ас-суға да қарайласпайды екен. Бірақ, тәттіге әсіре құмар болған. Туғанымнан үш ай өткен соң анам мені біржола әжеме тастап, әкемнен де ажырасып, төркініне тартып отырған. Жасы елуден асқан әжемнің қолында шырылдап қала берген. «Мама» деген бір ауыз сөзді айтпай өссем де, өмір маған ананың ыстық махаббатын сезуге жазбаса да, әженің қайтпас қайсарлығы мен қайратын, мейірімін көруге жазған ғой деп, кейде өзімді ерекше кітап кейіпкері ретінде көріп, жұбанып қаламын. Менің балалық шағымның елестері есімде анық сақталған. Мүмкін ол кездері көп жылап, сәби жүрекке көтере алмас ауыр мұң салынғаннан болар, бәрі де тура кешегі күндегідей сайрап тұр.

Тұсауым кесіліп, аяғымды басқаннан-ақ әжемнің соңынан қалмай жүре беретінмін. Тіпті әжетханаға дейін еріп барамын. Есімде, күні бойы жүгіріп шаршап, әжеме мені ұйықатшы деп еркелейтінмін.

Мектепте достарым аз еді, көбіне сырттай қарап, ұяң қалпымда жүру әдетім. Алғашында мен сабағым аса үреймен қарайтын едім. Бір жерден қате кетіп қалса да қол-аяғым дірілдеп кететін. Сабақты жақсы оқу, күнде бес әкелу менің мойныма артылған міндетім еді. Тіпті, қазірдің өзінде қай сабаққа болмасын бей-жай қарай алмаймын. Баға үшін оқып кеткен кездерім де аз емес. Себебі, бала кезімнен миыма құйылып келе жатқан сондай қағида бар.

Маған Дария есімді қыз соқтыға беретін. Өзің тым биіктен көретін секілді. Маған менсінбеушілікпен қарап, бақталасып жүруден шаршамайды. Сол себепті үнемі көңіл-күйім болмай, үйге тұнжырап қайтатын кездерім көп болған. «Маған анам анадай әдемі қуыршақ, қалам мен дәптер алып берді» деп мақтанады. Мектептен қайтып келе жатқанда, мені қарға итеріп, құлатып кетеді. Менің сол кезде ешқандай қарсылық жасамай, соның мазғағына қалай көніп жүргенімді білмеймін. Тек білерім, жеті жастағы бала үшін оның бойындағы қасиеттер тым ересек әрі жиіркеніш сезімін туғызатын еді.

У-шу ойынға қосыла алмай, бөлек жүріп, ал үйге келсем әжемнің жанында сампылдап сөйлеп, ауыз жаппай әңгіме айтамын. Әжем мені «Сәнім» деген бір-ақ ауыз сөзбен еркелететіп, жұбата біледі. Неге олай деп сұрасам, сен болмасын менің жүрген жерім сәнсіз, мәңсіз болып қалар дер еді...

Бірінші сыныптың көктемінде әжем мені көрші ауылға жаяулатып алып кетті. Қар әлі еріп болмаған, батпағы мен лайы шықпай, дымқылданған күрткі

қардың енді ғана демі шығып, жылып жатқан кезі. Кімге қонаққа бара жатқанымыз есімде жоқ. Менің бұндай сапарым көп болғандықтан, кімге, қайда бара жатырмыз деп сұраған да жоқпын. Екі ауылдың арасы алты шақырым. Әжем кейде сол араны күніне екі рет барып қайтатын кездері болған. Жүріп келе жатырмыз, әжем мені жетектеп келеді. Бірде алдыдан жұқа мұз шалшығы шықты. Бұрыларға жол жоқ, айнала қалың қар, асты су. Сол кезде әжем мені арқасына мінгізіп, өзі қанша қиналса да сол жерден аман-сау өтіп кетті. Ал мен әжемнің арқасында құрбақаша жабысып, құлап кетпейін деп жанталасудамын. Құламайтынымды іштей білемін, себебі әжемнің арқасы әрі сәнімді әрі мықты ғой. Сол кезде өзімді үлкен қорғанышы бар адамдай сезінетінмін. Уақыттың қаталдығына таным бар, шөкпей, менің алдымда үнемі бәйтеректей жайқалып тұрар әжемнің қазірде бір ұыс қара кемпірге айналарын кім білген. Менің осы күнге жетіп, өзімше ертең жазып отырғаным әжемнің арқасы. Тура мағынасында. Бала кездің тағы бір қимас шағының бірі кешкі уақыт. Неге екенін білмеймін, сол шақтар тура бір ғажайып оқиғалар секілді есімде қалды.

Біздің үйде «Мамык» есімді сары мысық болған еді. Оны маған әжем мен туғанда арнайы алдыртқан екен. «Мамык» деуімнің себебі ол жұмсақ әрі үлкен, мінезі де салмақты. Басқа мысықтарша тырнап мазанды алмайды. Оны адамша екі аяқпен жүргізіп ойнатуды жақсы көремін. Ол да біраз жасқа келген «қарияның» кейіпін сақтап, маған шыдамдылық танытады. «Мамык» мен бесінші сыныпқа көшкен жылы жоғалып кетті. Менің балалық шағым туралы естеліктерімде «Мамык» мысығымның жылы ұшырап тұратыны анық. Себебі ол әжемнің ең алғашқы сыйлығы. Үй жануарларының қайсысы болмасын, оларға ерекше мейіріммен қарап, ауырып қалса да қатты уайымдап қалатын әжемнің сол жақсы қасиеті маған да жұққан секілді. Сырттай білдірмесе де, жан дүниесіндегі ерекше сезімталдық пен нәзіктік маған ылғи көрініп тұрар еді. Әжем маған өз өмірі жайлы көп әңгіме айтады. Анасы кіші балаларға қарайласуға көмектессің деп тек төртінші сыныпқа дейін ғана оқытқан. Кейін он жеті жасында атаммен қосылып, алты баланың анасы атанған. Совхозда отыз жыл еңбек етсе де отбасы мен ауыр жұмысты қатар алып жүрген рухының еңсерілмес мықтылығына таңғаламын.

Менің бала кездегі қуыршақтарымның көбі әжемнің қолынан шыққан. Өне бойы ақ матамен қапталған қуыршаққа төтем қаламмен ауыз-мұрын деген дене мүшелерін салып береді. Мен соған мәз боламын. Тек қуыршақтарымда шаш болмайтын. Оны қалай жабыстыратынын әжем де білмейді. Бірақ түн ката қойнына алып жатпа, қуыршаққа айналып кетесің деп мені үрейлендіретін. Мен соған шын иланып, қорыққаннан ойыншықтарымның бәрін де ұйықтар алдында аулаққа апарып тастаймын.

Мен ана махаббатын сезбей өскенім үшін аздап қынжыламын. Бірақ, әжемнің тәрбиесін көрмей өссем өкінішім бұдан бірнеше есе ауыр болар еді. Сол шақтардың, бала кездің көкжиегінде менің қаһарманым болып тек қана әжем тұрары сөзсіз. Қазірде тың болғанымен, ауылға барған сайын оның бейнесіндегі шаршау мен қажудың іздерін көріп, өмірдің тым қысқа екенін ұғынып қайтамын. Уақытқа қарсы шамам болса, әжемді мәңгілік жанымда қалдырар едім...

Сара Жақсылық

Студенттен лебіз



Бәсекеге қабілетті маман. Білікті кадр. Бүгінде елімнің ертеңі болар, өзім секілді әр бір жоғары білімгердің «Болашақ - білімді жастардың қолында» екенін жете түсінсе екен деймін. Неге десеміз, өзім бірінші сөз басында келтірген сипаттағы тұлғаға айналу үшін ең алдымен осы сөзді бір сәт болсын естен шығармағанымыз абзал. Қазіргі заман ақпараттың, қарыштап дамыған технологияның мызғымас тұрағына айналғалы қашан. Қазір мен Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай Мемлекеттік Университетінің Ветеринарлық санитария мамандығының 3 курс студентімін. Арманым алдамаса, оқуымды аяқтаған соң, «мамандығым-мақтанышым» деп, өз саламада жемісті еңбек етуге барымды салмақпын.

Бірақ сол асыға күткен уақыттар күн сайын жақындай түскеннен болар, теорияға қаншалықты қанық болсақ та жұмысты бірден бастап кетуге жүрексінетініміз жасырын емес. Себебі, білім қорымыз барынша мол дегенімізбен сол сарқылмас күшті қай арнаға бағыттау керектігін бастапқы кезде жас маманның бәрі біле бермейді. Осы тұста Мағжан Жұмабаевтың «Қазақтың қаны да бір, жаны да бір жолбасшысы - мұғалім» дегені көп ойланбай көкейге сап ете қалады. Иә, расында да осынау кезеңде ұстаздың көмегі тарылған тынысыңды ашып, айтқан әр бір ақылы өзіңе де-

ген сенімділікті оята түседі. Біз білім алатын Ветеринария және малшаруашылығы технологиясы факультетінің мұғалімі Молдашева Әсемгүл Қонарбекқызының өткен ашық сабағы өз қарым-қабілетімізді істе шынайы сынап көруге зор мүмкіндік болды. «Жануарларды жалпы зерттеу» тақырыбындағы ашық сабағымыз тобымыздағы барша студенттің көңілінен шыққаны даусыз. Осы тұста ұстазымыздың мол тәжірибесін, жаңашылдығын ерекше атап өткіміз келеді. Мысалы, ашық сабақ барысында біз өз мамандығымызға қатысты көпшілік естімеген көптеген тың деректерге, қазір зеттеу барысында жаңа технологиялардың көмегімен лезде жасалатын әдіс-тәсілдермен жан-жақты таныстық. Бәрінен бұрын осы ашық сабақтан алғанымызбен ойға түйгендеріміз алдағы уақыттарда біздің кәдемізге әбден жарайтыны қатты қуантады. Осы орайда, мен жалпы топтағы барша студенттің атынан ашық сабақты өткізуге зор ат салысқан ұстазымыз Әсемгүл Қонарбекқызына және факультетіміздің басқа да мұғалімдеріне алғыс айтқым келеді.

Саятай Жолымбеков,
Ветеринарлық санитария мамандығының
3 курс студенті

Ауылдағы бір күн

Ауыл тіркін керемет! Кең жазық, қала, таза ауа, табиғи тағам. Жұмақта жүргендей ерекше рахатқа бөленіп, ләззәттәніп, бір шабыт аласың. Ауылдың кішкентай үйлері қаланың үлкен зәулім үйлеріне, ауылдың бір күні қаланың мың күніне татымайды ғой, тіркін!

Ауылдағы бір күн...

Таң атар кез. Барлығы тыныш ұйқыда жатыр. Сол сәтте әтештің шақырған дауысы ауылды оятты. Ауыз үйдің есігін сықырлата ашып, шелегін қарына ілген әжем қораға қарай емпелей жүгірді. Тос шелекке құппілдеп аққан сүттің дауысымен, өріске айдалған қой-ешкінің маңыраған дауыстары таңғы қаланың тынышын бұзып, қалаға бір көрік бергендей. Сауылған сүтті тартып, балғын қаймағын әжем ұйқыдан тұрған бізге ұсынды. Сонан соң бақшадағы атам бардым. Атамның ермегі болған бақшада гүлдер жайқалып, алма ағаштары дәйтеректей биік болып, құлпынайдың иісі бұрқырап, аңқып, қып-қызыл болып өсіп тұр. Күн аптап ыстық. Қатты ыстықта тастай, мөлдір, тап-таза құдықтан алынған суды ішіп бір рахаттанып алдым. Есік алдында інім тесік қалталарына асықтарды толтырып, дөп-дөңгелек, жұмсақ,

дәмі тіл үйіретін құрттарды дорбасына салып алып, қасына құлағы қалқызған сары итін ерітіп асық ойнауға аттанды. Шамалы уақыттан кейін қораның артына шықсам, достарымен жалаң аяқ қуаласып, жердің құмын бұрқырата ойнап жүр. Шура бір көкпар ойыны болып жатырғандай. Ал атам болса құйрық жалы төгілген, кертөбелі күрең, атына мініп алып, ауыл сәнін келтірген ақсақалдарға сәлем беріп қайтты. Кеш түсті. Жайылымынан маңырап қой — ешкі, мөңіреп сиырлар келеді. Атам оларды қораға қамап жатыр. Пештен будақтап шыққан түтінмен бірге аңқыған бауырсақтың иісі шығып, сарайыңды атады. Үйге кіріп әжемнің ыстық бауырсақтарымен, құдықтың мөлдір суынан құйылып, қайнаған самаурынның балдай тәтті шәйін ішіп алдым. Кейін қаладағы сәкіге малықтай жұмсақ болған әжемнің жібек көрмесіне жайғастым. Ұйықтар алдында алтын атамның терген құлпынайларын жеп, асыл әжемнің қатығын ішіп алып, көктегі жұлдыздарды тамашалап ұйқыға кеттім. Сөйтіп қазақилықтың иісі аңқыған ауылдағы бір күн өтті.

Жанар Сәндібекова





Жак Делор: «Білім беру: әлі ашылмаған қазына»

Тәуелсіз Қазақстан елінің тірегі де, болашағы да – білімді ұрпақ. ХХІ ғасыр білімділер ғасыры болмақ. Жак Делордың ойынша, "Болашақтың бізге қояр көптеген мәселелерінің алдында білім тұр, ол адамның мінсіз әлемге, бостандыққа, әлеуметтік әділеттілікке ұмтылуына мүмкіндік беретін қажетті шарт болып табылады". Сонымен, білім - балаларға, жастарға деген махаббат, олардың білімділер қоғамында алатын орнының болуы, яғни жастарға тек қана білім беріп қоймай, оларды қоғамның бір мүшесі ретінде қабылдай білуіміз керек. Әр адам өз ісін бар ынта-жігерімен, махаббатымен орындап, болашаққа деген шынайы көзқарасы болуы керек. Міне, осы ой тұрғысында Жак Делор өз мақаласында келесідей мәселелерді шешуге қажетті пікір ұсынады: жарқын болашақ асулары мен қажеттіліктері; барлық саладағы қарама-қайшылықты жеңу; қоғам үшін басты мәселе – білім, біліммен ғұмырымыздың соңына дейін айналысу; жаңа концепциялар мен білімсаласындағы түрлі реформа стратегияларының сәтті жүзеге асуы.

Адамзат жаһандану заманына өткен тұста, ең алдымен, өткенімен санасуы тиіс. Неге десеніз, кешегі қателіктен бүгінгі мәселе шешілмек. Болашаққа бастар жолға негізделген білім беру заманауи заңдылықтарға сәйкес кәсіби біліктілікті қалыптастырып, нарықтағы сұранысқа жауап бергені абзал. Осы тұста Жак Делордың баяндамасында қазіргі білім берудің сүйенетін төрт тұғыры көрсетілген, олар: танып үйрену; жасап үйрену; бірлесіп өмір сүруді үйрену; өмір сүруді үйрену. Танып білу, жасап үйрену деген тек кәсіби біліктілік алу үшін емес, одан әлдеқайда кең мағынадағы, өмірдегі түрлі жағдайлардан жол табатын, басқа адамдармен бірлесе жұмыс жасауға мүмкіндік беретін құзыреттіліктерге ие болу деген сөз.

Өмірде кез келген жағдайға байланысты түрлі қайшылықтар туындайды. Оны шешу барысында бізге мықты білім мен саналылық қажет. Алайда қазіргі таңда мектеп бағдарламасы оқушының өзін-өзі дамытуы мен физикалық және психикалық саулығына әсер ету жағдайында қажетті деңгейге сай келмейді, сәйкесінше аталмыш мақалада бұл түйінді мәселеге байланысты әр адамның өмір жолын бір арнаға тоғыстыратын нақты

реформа жасалуы керектігі айтылады.

Кез келген реформа педагогтың көмегісіз жүзеге аспайды. Сондықтан мақалада педагогтың әлеуметтік және материалдық жағдайына үлкен мән берілген. Жак Делордың айтуынша, мұғалімнің міндеті – адамзаттың өзі жайлы, табиғат туралы және шығармашылық саласындағы негізгі жетістіктері жайлы өзіне білім ретінде жинағандарының бәрін оқушыға беру, бойына сіңіру және шығармашылығы мен талантын шыңдау. Білім жүйесін тек қана жақсы дайындалған ұстаздармен қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен қатар мектепте экономкалық-мәдени ортаны құрайтын қажетті құралдармен: кітаптармен, байланыстың заманауи құралдарымен қамтамасыз етуге шақырады.

Үздіксіз білім – бұл қоғамдағы ең басты мәселе. Бүкіл ғұмырына жетерлік білім концепциясы ХХІ ғасырдың табалдырығында маңызды мәнге ие болып отыр. Үздіксіз білім адамның қоршаған ортада өзін-өзі тануы мен қоғамдағы еңбек рөлін орындауына мүмкіндік береді. Әрқайсысымыз өмірді танып-білген сайын, келесі сатысын да көруге асығамыз, талпынамыз. Ол сатының дәмін көріп, түрлі сынын басымыздан өткерген соң одан да үлкеніне ұмтыламыз. Осылайша үздіксіз үйреніп қана қоймай, білім аламыз, тәрбиеленіміз.

Менің ойымша, Жак Делордың қозғаған ойы, яғни білім саясатының біздің өміріміздегі алар орнының кең екендігін білдіреді. Шын мәнісінде, адам туғаннан дамиды, жетіледі, білім алады. Оған айналасындағылардың барлығы әсер етеді: қоғам, ата-ана, ұстаз, өзгемен қарым-қатынас. Сол арқылы тұлға ретінде қалыптасып, кез-келген жағдайды шешуге мүмкіндік беретін икемділік пен дағдыға үйренеді. Жак Делор мақала соңын ақын Лафонтэннің «Біздің әкеміз ақылды болатын, өлер алдында ол нағыз асыл қазына – білім деп айтып кеткен» деген ойымен тұжырымдайды. Яғни, білім арқылы ақылымыз жетіліп, қайратымыз күшейіп, жүрегіміз мейірленіп өмір кешеміз деп ойлаймын.

Шолпан Оспанова,
Гуманитарлық колледждің оқытушысы

ҰЛЫ ДАЛА ТАҒАМЫ – ЭНЕРГИЯСЫ ҚАЙТА ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛГЕН ҚАЗАН НАН

Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай..... Бұл – тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғырнамасы. «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласынан

Н.Ә. Назарбаев

Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты жолдауынан кейін ұлтымыздың жоғын түгендеп, қайта жаңғыртуға арналған жобалар негізінде Елбасы: «Еліміздің болашағын баянды қылып, саяси-экономикалық даму қарқынын сақтаудың кілтті рухани жаңғыруда жатыр. Өзгеру үшін өзімізді мықтап қолға алып, заман ағымына икемделу арқылы жаңа дәуірдің жағымды жақтарын бойға сіңіруіміз керек»-деген сөзін негізге ала отырып, өз құндылығымызды ұлықтауды қолға алдық. Рухани жаңғыру жобасының «ұлттық коды» ұғымына көбіміздің түсінбей, сандар тізбегінен тұратын кілт іздейтініміз жасырын емес.

Жаһандану дәуірінде жалпылыққа бет бұру үдерісінде, ұлт ретінде өзінді жоғалтып алмаудың, жойылып кетпедің бірден-бір жолы халқымыздың салт-дәстүрі болса, сол салт-дәстүр негізінде қалыптасқан ұлттық құндылығымыз біздің «ұлттық кодымыз». Осындай құндылықтарымыздың бірі болып табылатын жәдігеріміз 1997 жылы Қостанай жерінен табылған «қазан-нан». Бұл 300 жылдық тарихы бар жәдігер 1775 жылы жасалған. Бүгінде осы «қазан нанды» ұстап отырған кәсіпкер азамат Арыстан Жұмағали қазанды 1988 жылы сатып алған. Қазанның жасалу технологиясы мен құрамына сынама сараптама Қарағанды мемлекеттік индустриялық университетінің металлург мамандарының зертханасында жасалды. Рентгенофлуоресцент сараптамасының талдауы нәтижесі көрсеткендей қазан нан құрамында жеті түрлі химиялық элементтер анықталды. Қазанның маркасы анықталған жоқ.

XVIII ғасырдың көне қазаны уақыт өте келе неғұрлым көбірек ас дайындалған сайын, ішкі қаспақ қабаты тамақты күйдірмейтін, ерекше жамылғы түзе отырып, кез келген асты дайындауда ерекше табиғи дәм беретін қасиетке ие болған. Осы қазан нанды дәріптеуді басты назарға алып, және дәлелдеп отырған қазанның қасиеті осы уақыт өте түзілген ішкі жамылғысы болып табылады. Жүздеген жылда түзілген қазанның ішкі қабаты, бір сөзбен айтқанда, қазіргі дайындалған тағамды күйдірмей дайындайтын жамылғысы - деп сеніммен айтамыз. Мұндай қазандардың ішін химиялық небір құралдармен жуып, қырудың қажеті де жоқ. Асты дайындауда табиғи жағдайда түзілген жамылғы қабаты химиялық зияны жоқ, таза экологиялық тағам дайындауға мүмкіндік береді. Қазақтың кез келген асы мұндай қазанда ерекше дәмге ие болады.

Арыстан Жұмағалидың қолында қайта жаңғырған қазан нанды кәсіпкер азамат өз отбасымен бірге ЭКС-ПО-2017 Астана көрмесінде көрсетіп, қазақтың дархан

пейілі мен пиғылын шет елдік қонақтарға көрсетіп, ұлттық тағамдарымызды осы «қазан-нанда» әзірлеп, көпшілікке дәм татқызды.

Әр қазақтың шаңырағына бас сұққан адам, осы үйдің дастарханында құрметті қонағы болып дәм татады. Бұл қазақтың бағзы заманнан қалыптасқан дәстүрі. Қазақтың қазан-ошағы сонау бағзы замандардан қолданылып келе жатқан көне құндылықтарымыздың бірі.

Жаһандану дәуірінің күнде тоқтаусыз сырғып, мың құбыла өзгеріп жатқан қоғамында тұтынудың ең жоғарғы деңгейіне жетіп отырған мегаполистерде біздің қазақ халқының тұмыс тіршілігі заманға сай танылма-стай өзгеріп келеді. Алайда түптамырынан алыстамаған қазақтың жеті қазынамыздың бірі болып табылатын қасиетті қазан сияқты ыдыстардың қолданыстан шығып, тарихтың көнерген парақтарында жәдігерге айналып, музейлерге қойылып жатыр. Әр отбасының көне жәдігері болатын қара шаңырағы мен қасиетті қазаны бүгінгі таңда қолданыста болуының маңызы зор.

Қазақтың сайын даласында көшпелі халық ошақ отына асып, ас дайындаған қазан – ұлы даланың соңғы 5 мың жылдық тарихының жәдігері ретінде дала тарихының құндылығы десек, артық айтқандық емес. Сөзімізге дәлел қазақ жеріндегі қола дәуірінің ескерткіштері бола алады. Қасиетті деп танылған «қазан культі» көшпелі халықтардың бірқатарында сақталған.

Танымал тарихшы Ә.Марғұлан “Құламерген” жырының желісіне ерекше назар аудара келе, қазанға байланысты “Қазан мықты болса, ел де мықты. Қазан – шаңырақ сияқты, бүтіндіктің белгісі. Ол құрыса, ел де құриды”, – деп жазады. Күнделікті тәжірибеде киелі саналатын қазанға қатысты наным-сенім, ырым-жоралғылар қазақ арасында жеткілікті. Ел ішінде сақталған «қазаның оттан түспесін» деген баталы тілек, «қазаны майлы» немесе «қазаны тоқ»-деген теңеулер, «қазан қайнам»-деген сияқты уақыт өлшем теңеулері, «қазаны басқа»-деген оңаша отау болғандықтың көрсеткіші немесе «қазан бас», «қазан бұзар» «екі қошқардың басы бір қазанға сымайды» деген сияқты метафоралар, «қара қазан сары бала қамы үшін»-деген сияқты нақылдар осы қазан культімен байланысты айтылса керек.

Көшпелілердің ішінде қазақ халқы - қара шаңырақ пен қасиетті қазанды ерекше қастерлеген халық. Тарихқа көз жүгіртсек, XX ғ. 30 жылдарындағы сұрапыл ашаршылықта аштықтан отбасында адам қаза болғанда, «қазанын төңкеріп» немесе жандарын

сақтау үшін «ошағына қазанын төңкеріп» үйлерін тастап кеткен деректерді білеміз. Қазақ халқы қазанды төңкеруді жаман ырымға да балап, тиым салуы қазақ әдет – ғұрыптарында бүгінде де сақталған. Осы келтірген мәліметтеріміздің бәрі де қазанның қасиетті екенін білдіреді.

Қазанда асылған ет, қазанда жапқан немесе табада піскен нан, самауырда қайнаған шәй қазақ дастарханының негізгі атрибуты.

Таза табиғи өнімнен дайындалған қазақтың ұлттық тағамдары экологиялық таза өнімнен қазанда дайындалса, қазанда піскен жаппа нан немесе асқан еттің, иісі бұрқыраған бауырсақтың дәмін әрбір қазақтың ауылда өскен баласы ерекше қадірлеп, оны небір керемет ресторандарда күрделі мәзірмен дайындалған қымбат тағамдардан да жоғары бағалайтынын көпшілігіміз білеміз, көріп те жүрміз. Себебі, бұл-ошаққа асылып отта, қазанда дайындалған ас болғандықтан-туған жер, туған ауыл, өскен өлкенің тағамы арқылы бойымызға берілетін нәрлі ерекше энергия көзі болып табылады.

Қазақтың ұлан асыр пейіліне сай той-томалағы да көп. Осындай тойларда шақырылған қонаққа арнайы сойылған мал еті, үлкен қазандарда асылып, бабында былқып піскен ет пен нәрлі сорпа халқымыздың ең үлкен сый асын - бойға қуат беретін теңдесі жоқ энергия көзі деп атасақ артық айтқандық емес. Ендеше ХХІ ғасырдың қасіретті дерті болған көптеген ауырулардың дамуына себепші болып отырған фаст-фуд өнімдерін қоғам өмірі мен нарықтан ығыстырып, халықтың салауатты өмір салтын ұстануға жол ашатын, залалсыз, экологиялық ұлттық тағамдар мен оны дайындау технологиясын ұлттық құндылық етіп, неге еліміздің бренд ретінде танымал етпеске?!

Осындай қазанда әзірленген экологиялық таза тағамдар бойға күш қуат көзін беретін таза энергия көзі.

Қазір ас үй ыдыстары қатарында кастрюль, таба мультиварка сияқты әр түрлі материалдардан, яғни шойыннан, алюминийден, қыштан жасалатыны көп. Тіпті, күйіп кетуден қорғайтын жамылғысы бар түрлерін де көптеп кездестіреміз. Оның сан алуандығы сондай, тіпті бөріне де көз қызығады. Мәселен, сатып алушылардың көбі ыдыс таңдағанда ең алдымен сыртқы түріне қарайды екен. Тағы бірі бағасына мән береді. Үшіншісі экологиялық таза тағам пісіруге қолайлы ыдыс іздейді. Қазақтың ыдыс аяғы бүгінде төрден ығысып, босағадан орын тепті. Оларды тек ауылдың кейбір той-томалағынан ғана көріп жүрміз. Олай деуімізге негіз де жоқ емес. Үйде болсын, дәмханада болсын алдыңызға келген асыңызды салатын ыдыс-аяққа бір мезет көңіл аударып көріңізші. Төрелкеніз ресейдікі, кесеніз бельгиянікі, «тамақ тасымалдаушы»-қасығыңыз қытайдікі, самаурыныңыз ресейдікі. Кезінде тайқазан жасаған аталарымыздың бүгінгі ұрпағы бүгін қандай күйде, қай деңгейде өз сұранысын қанағаттандыруда. Құдалық күтуге арналған топтама ыдыстардың бағасы тіпті миллион теңгеден асып жығылатыны бар. Сваров тастарымен өрнектелген, көздің жауын алардай жалт-жұлт еткен сол ыдыс-аяқтардың төркіні Қазақстан емес. Теңіз асып, тау асып шетелден келеді. Жапондық, германиялық, бельгиялық ыдыстар бүгінде төрден орын беймейтін болған.

Құрметті қонағына қашанда әсем ыдыспен ас ұсынуды ұнататын ұлтымыз үшін әрине жарқыраған дүние керек. Сол себептен де өзгеге өнешімізді созуға



мәжбүрміз. Жат жұрттың табағына телміруліміз.

Бүгінде ағаштан ойып жасалынған астаулар сәнге ене бастады. Қымыз ішетін ағаш шаралар, ағаш қасықтар да сатылымға шықты. Бірақ олардың басым бөлігі көрмеге қоюға арналған. Ал бірді екілі сатып алуға ниет еткендер болса бағасы удай қымбат.

Демек қолдан жасалған, эксклюзивті ыдыстар тек қалтасы қалындарға ғана арналған... Қолөнер шеберлерінің бүгінде ұлттық ыдыс-аяққа қызығушылар саны артып келеді деген ақжолтай хабары қуантып тастады. Қазақы етке арналған үлкен астауларыңыз расында әсем-ақ.

Тасқа басылған тарихымыздан білетініміз, қазақтың күнбе күн қолданатын ыдыс-аяқтары ағаштан жасалған тостағандар, табақтар, астаулар, ожаулар, қасықтар, жез құмғандар, теріден жасалған торсық және қазаны мен ошағы болған. Ағаштан жасалғандары күні бүгінге дейін қолданыстан шықпағанымен жезден, теріден жасалғандары жеткен жоқ. Болған күннің өзінде де олар музейлердің төрінде тұр.

Сондықтан қолда бардың қадірін біліп, халқымыздың барын бағалап, ұлттық құндылықтарды ұрпаққа танытуда талмай еңбек ету керек деп ойлаймын.

М. СОЛТАН
Қарағанды мемлекеттік
индустриялық университеті «Қазақстан тарихы және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасының аға оқытушысы

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ МҰРАЖАҰЫ: ІЗДЕНІС, ӨЗЕКТІЛІК, МАЗМҰНЫ

1998 жылы Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінде қазақ хақының ұлы перзенті, ұлтымыздың рухани көшбасшысы, көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, ғалым-түркітанушы, публицист әрі жазушы, тілші, аудармашы, ағартушы – Ахмет Байтұрсыновтың өмірі мен қызметі жайлы сыр шертетін мұражай ашылды.

Қазіргі таңда мұражай тарихи маңызы бар бөлек ғимаратта орналасқан. Мұражайдың жалпы ауданы – 122,4 м²

Біздің мұражай әлі күнге дейін облысымыздағы жоғары оқу орнында қызмет етіп жатқан жалғыз мұражай болып қалуда.

Мұражайдың экспозициясы А.Байтұрсыновтың өмірі мен қоғамдық-саяси, шығармашылық қызметіне арналған. Сонымен қатар, мұражайға келушілердің назарына, А.Байтұрсыновпен қызметтес болған – Ө.Бөкейханов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев және т.б. жайлы мәліметтер келтірілген.

Біздің ойымызша, Елбасының рухани жаңғыру бойынша қойған міндеттері негізінде, идеологиялық жұмысты күшейтіп, мұражайда өткізіліп жатқан барлық іс-шараларды өзекті тақырыптармен толықтыру қажет.

Соңғы уақытта бұл бағытта өткізіліп жатқан азаматтылық сабақтары оң нәтижесін беріп отыр. Осылайша, Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығы қарсаңында Қостанайдағы қалалық ардагерлер кеңесінің мүшелері азаматтылық сабағы аясында университетіміздің студенттерімен кездесті. Студенттер тәуелсіздіктің бастауында тұрған азаматтардан тәуелсіздіктің қалыптасу барысында қандай қиыншылықтар болғанын және бүгінде бүкіл әлемге танымал мемлекетті қалыптастыру барлық қазақстандықтардың күшімен жүзеге асқанын айтты.

Мұражай залдарының бірінде А.Байтұрсынов пен оның қатарластарының өмірі мен шығармашылығы жайлы сыр шертетін стендтер орналасқан дәрісхана орналасқан. Дәрісхана, электрондық сүйемелдеуді қолдануға мүмкіндік беретін заманауи кеңсе құралдарымен жабдықталған, сонымен қатар мұражайдың фильмдер қорын келушілерге таныстыру мақсатында, осы жылы қажетті іс-шарлар жүзеге асырыла бастады.

Биылғы жылы дәл осы дәрісханда азаматтылық сабақтары жиі өткізілген болатын. Мысалы, 28 қаңтар күні «Ахмет Байтұрсыновты еске алу» тақырыбындағы азаматтылық сабағы өткізілді. Бұл іс-шараға «Тарих» және «Дінтану» мамандықтарының 1 және 2 курс

студенттері белсенді қатысты. Оқытушы Ералина Акмарал Ерікқызы «Алаш Орда және Қостанай облысы тұрғындарының тағдыры мұрағат құжаттарының беттерінде» тақырыбында сөз қозғаса, студенттер мәлімдеме жасаған болатын, «Ахмет Байтұрсынов» фильмінің көрсетілімінен соң, барлығы өз әсерлерімен бөлісті.

Мұражай бастамасымен Қазақстан тарихы кафедрасы мен университеттің медиа студиясы бірігіп, «Алаш» қозғалысының 100 жылдығына арналған сабақтар өткізілді.

Соңғы жылдары жастар әулие Валентин күнін аса бір қызығушылықпен тойлап жүр, бірақ оның есімі, құлшылық кезінде міндетті түрде аталатын, католик шірекуінің әулиелері арасында жоқ. Әрине, жас кезде романтика қажет. Бірақ, біздің ұлттық тарихымызда махаббат, адалдық, адамдар арасындағы шынайы қарым-қатынас жайлы мысалдар көп. Жастарға бұл жайлы айту қажет. Осы мақсатпен, сәуір айында, Қозы Көрпеш пен Баян сұлу күнінің қарсаңында, мұражайда Журналистика мамандығының студенттері мен байтұрсынтанушы И.Ағытаев пен «Егеменді Қазақстан» газетінің меншікті тілшісі Н.Жарымбетовамен «Бадрисафа: махаббат пен адалдық хикаясы» тақырыбында кездесу ұйымдастырылған болатын.

5 қыркүйек күні де мұражайда аталып өтті. Қазақ бөлімінің 1 курс студенттерінің алдында облысымыздағы танымал журналист, Байтұрсынтанушы Ибрагим Ағытаев сөз сөйледі. Мұражайдағы кездесу А.Байтұрсынов дәрісханасында өткізілді. Кездесудің басында студенттерге А.Байтұрсынов жайлы, қонағымыздың қатысуымен, облыстық ҚТРК телеарнасы түсірген «Өмір жолы» фильмі көрсетілді. Фильмді көргеннен соң, студенттер ұлы жерлесіміздің өмірі мен шығармашылығы жайлы айтылған әңгімені қызығып тыңдады. Журналистика мамандығының орыс бөлімінің бірінші курс студенттері танымал қазақстандық журналист Майя Бекбаеваның «Ұлы қазақтардың сырлары мен тағдыры. Ахмет Байтұрсынов. Жарық сәуле.» атты фильмін тамашалаған соң, мұражайдың экспозиция залына өтті, ол жерде де студенттер Ахмет Байтұрсыновтың өмірі мен шығармашылығы жайлы көп нәрсе біле алды.

Жақында Пушкин атындағы облыстық кітапханада гуманитарлық колледж

Жастардың оқу-тәрбие жұмысы түзелмей, жұрт ісі түзелмейді.

Ахмет Байтұрсынов.





студенттерімен кездесу өткізілді. «Туған жер» атты жоба аясында осындай кездесулерді жиі өткізіп тұрамыз.

Дәстүр бойынша университетіміздің 1 курс студенттерінің оқу жылы мұражаймен танысудан басталады. Мұражайымызға қаламыздың басқа да оқу орындарының студенттері, оқушылары, сондай-ақ қонақтары келіп тұрады. Осылайша, биылғы жылы мұражайға Мәскеуден, Хакасиядан ғалымдар, Көкшетау, Маңғыстау, Екатеринбург қалаларынан студенттер келген болатын. Екатеринбург қаласындағы Орал мемлекеттік орман-техникалық университеті студенттерінің мұражайға келуі Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күнімен түспа-түс келді. Қонақтарымыз 37 жылы болған қайғылы оқиғалардың тек Ресей үшін ғана емес, Қазақстандықтар үшін де қиын болғанын, талай бетке ұстар азаматтарымыздың өмірін қиғанын білді. Ортақ тарихымыз жайлы естелікті сақтап қалу өте маңызды. Қостанайлық жазушы Ғалихан Маулетов мұражайға сыйға тартқан, сталиндік қуғын-сүргін құрбандары туралы дерктерге сүйеніп жазылған, «Ұмытылмайтын қасірет» атты кітабы жастарды қызықтырған болатын.

24 қазан күні «Қазақстанның 100 жаңа тұлғасы» атты жобасының аясында, мұражайдың бастамасымен, университетіміздің барлық факультеттерінің студенттері қатысқан іс-шара ұйымдастырылған болатын. Студенттер өз батырларын өздері таңдады – олардың арасында университет ардагері және жас ғалымдар, кәсіпкер мен мемлекеттік қызметкер де бар. Заң факультетінің студенттерінің мүмкіндігі шексіз жан – Малика Мұхтарова туралы жасаған мәлімдемесі келушілердің қызығушылығын тудырды. Ол – халықаралық деңгейдегі спорт шебері, арбадағы биден Азияның екі дүркін чемпионы. Малика кездесуге қатыспады, себебі ол Бельгиядағы әлем чемпионатында өнер көрсеткен болатын, ол жақтан Малика екі қола медаль алып келді. Студенттер өз кезегінде бейбіт заманның батырлары арамызда жүргендігіне көз жеткізді. Себебі, дәл осы адамдар еңбегінің, білімінің, жетістіктерінің арқасында елімізді алға жетелеп жүр, ал біз өз бұл ретте олардан үлгі алуымыз қажет дегенді ұғынды.

Осы жылы біздің мұражай республика ардагерлерінің қоғамдық ұйымы ұйымдастырған республикалық

қоғамдық мұражайлар сайысына қатысқан болатын. Медиа студиямен және типографиямен бірігіп Ахмет Байтұрсынов мұражайының жұмысы жайлы журнал дайындалды және 13 минуттық фильм түсірілді. Сайыс қорытындысы бойынша біздің мұражай екінші дәрежелі дипломмен марапатталды.

Мұражайымыздың жұмысы жайлы ақпарат облыстық телеарнаның сюжетінде жарық көрді, «Қостанай таңы» газетінде мақала жарияланды, сонымен қатар, біз мұражайдың өмірі жайлы деректерді оқу ордамыздың қабырғасында жарық көретін «Білім жарысы» газетінде, университет сайтында жариялауға тырысамыз.

Біздің мұражай Алматыдағы Ахмет Байтұрсынов мұражайымен, облысымыздағы Жанкелді ауданы, Торғай ауылындағы Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатовқа арналған мұражаймен, облыстық тарихи-өлкетану мұражайымен үнемі байланыс жасап отырады.

Қазіргі уақытта мұражай 20 жылдығын атап өткелі жатыр. Мұражай жайлы фильм түсіру жұмысы жүзеге асырылуда, мұражайды құру және әр жылдары мұражай басшылығында болған адамдар жайлы ақпарат жинақталып жатыр.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында қойылған міндеттер, мұражай жұмысын ұйымдастыруға жаңа серпіліс берді. Жаңғырудың ең бірінші шарты – бұл өз мәдениетімізді, ұлттық кодымызды сақтау екендігі ерекше айтылып кетті. Біз өз тілімізден айырылып қала жаздаған ұлтпыз. Ал тіл болмаған жерде – ұлт та жоқ, ұлт болмаған жерде – мемлекет те жоқ. Бұл ақиқат. Тек тәуелсіздіктің арқасында ғана біз қазақ тілін сақтап, оны әрі қарай дамытып, тілді үйренуге мүмкіндік жасадық. Бүгінде қазақстандықтардың рухани жаңғыруы, ұлттық сана-сезімін нығайту туралы сөз қозғап, алдымызға мақсат қоятын кез келді.

Жеке басыма мақаладағы мына жолдар жақын: «Рухани жаңғыру бағдарламасы тарихи оқиғалар мен салт-дәстүрлерге бұрынғыдай бей-жай қарамауы тиіс. Керісінше, бұл бағдарлама салт-дәстүрлерімізді рухани жаңғырудың кілті етуі қажет». Дәл осы сөздер мұражайымызда өткізілетін экскурсиялар барысында пайда болатын ойлармен үндес болып келеді. Егер өткен ғасырдың басында қайғылы оқиғалар орын алмағанда, қазірде біз білім, мәдениет, әлеуметтік - экономикалық жағынан әлдеқайда ілгері ел болатын едік деген ой пайда болады. Біз тарихи оқиғалар мен салт-дәстүрімізді білуіміз қажет, сонымен қатар жіберілген қателіктер жайлы да ұмытпаған жөн.

Өз өмір жолын мүлдем басқа сарында – тыныш, сәтті, қамсыз өткізуге мүмкіндігі болған жастар халқымыздың біртуар тұлғасы Ахмет Байтұрсыновтың өмірі жайлы деректерді үнемі қызығушылықпен тыңдайды.

А. Дуанбаева,
А. Байтұрсынов атындағы музейдің
менгерушісі

A black and white portrait of a man with dark, wavy hair, a prominent mustache, and a goatee. He is wearing round-rimmed glasses, a dark suit jacket, a white shirt, and a dark bow tie. The background is a plain, light color. The portrait is framed by a thin black border.

Жиналған жұрт сайлаудың қорытындысына көңілдері толмай, іштей тынғанмен, Ақтастай ірі қимылды ағасына сүйенді ме, Байтұрсын ортадағы он екі қанатты ақ үйден маң-маң басып шығып, сұлу күрен атқа мініп, уез орталығына қайтуға бет алған уез бастығы полковник Яковлевке сөз айтуға бекініп, күрен аттың жолын тоса берген. Уез бастығының екі жағында қайқы қылыш тағынған казактар Байтұрсынға қарай ұмтыла берген. Соған қарамастан Байтұрсын уез бастығына: «Біз сайлау қорытындысына наразымыз!» деп айтып салды. Яковлев қасындағыларға «Қалаға апарып, қамандар, мына-ны!» - деп бұйрық берген. Казактар Байтұрсынға ұмтыла бергені сол еді, үлгермеді. Ол қолындағы шыбыртқымен

Сібірге айдалған Шошак баласының үлкені Ақтастың Ерғазыға айтқан сөзі бойынша, оның үлкені Спандияр Торғайдағы мектепке оқуы тиіс еді. Бірақ, Спандияр мектепте оқығысы келмей, Ерғазы төрт жылдық орыс-қазақ училищесіне Ахметті апарды. Ахмет жетімдер мен сырттан келген балаларға арналған пансионда жатып оқыды. Бала Ахметтің бұрын ауыл молдасынан оқып, анасы Күншеден орыс кириллицасындағы әліппесін танығаны бар еді. Содан Ахмет екінші курста жүргенде орыс тілін еркін меңгеріп алған. Жаздағы каникулда ауылына бармады, пансионда жатып, кітапханадан шықпады. Төрт жыл бойы, орыс, шетел әдебиетін, географиясын тереңдеп оқуға құштарлығы артты. Кітапханадан бос кездері пансионның сыртына шығып, оған жақын орналасқан казармадағы қазақ солдаттарының іс әрекеттерне қарап отырады. Балада болса, Ахметтің сондай кездері орыс империясының Торғай жерін иелене бастаған тарихын ойлайды. Үез әкімшілігі Торғайға келіп, үстемдіктерін еркін жүргізе бастағанына да көп уақыт болмаған екен, көз жіберсе, тамырларын енді ғана тереңдеп енгізе бастаған сыңайлы, білген адамға. Бала Ахмет қолынан келер қайран жоғына күрсінді. Жазғы каникулда уез орталығында өткен үлкен астарда елге белгілі ақын-жырауларды, термешілерді қызыға тыңдаған кездері болды. Содан кейін пансионға келіп, бұрын жазылған дәптердің сыртына, бос жерлеріне алғашқы өлендері әдемі өрнектері тізілетін. Әдемі демекші, училищедегі алғашқы күннен анық, мәшинкеге түскендей біркелкі жазу тәртібіне үйренген. Оны Ахаңның кейінгі

ғұмырындағы қолжазбаларынан байқауға болады.

Ахмет Байтұрсынов 1891 жылы төрт кластық Торғай орыс-қазақ училищесін жақсы аяқтап, Орынбордағы мұғалімдер даярлайтын төрт жылдық училищеге түскен болатын. Оны 1895 жылы ойдағыдай аяқтап, Әуликөлде бірер жыл ұстаздық жолында болды, тәжірибе жинақтады. Ақтөбе, Әуликөл мектептерінде ұстаздық қызмет еткен жылдары жеткіншектерге білім беруде жаңа әдістемелік жүйе қолданудың жолдарын іздестірді.

Қазақ кирилицадан басқа, әліппе жасауды ойластыра бастаған кезі. Сол үшін кітапханалардан әлем тәжірибесін зерделеп, латын, қолданыста жүрген арап әліпбиін терең зерттеп, олардың қазақ сөзіне, дыбысына ыңғайлы жақтарын қарастырды. Ұстаздықта болған тоғыз жыл ішінде Ахмет Байтұрсынов әлемдік тарих, әдебиет, филология ғылымдарының біраз сырларына қанықты. Ахаң ұстаз болып жүрсе де, қоғамның саяси астарына үңіле бастады. Ресей отаршыларының қазақ жеріндегі билігін нығайта түсіп, қара қазақтың жеріне тереңдеп ене бастағанын, халықтың қабырғасы езгіден қайысып жүргенін жүрегімен сезінді, көрді.

«Ахмет Байтұрсынов Әуликөлде қызмет етіп жүргенде Бәдрисафамен «1896-1897 жылдары некелескені анық» деп дәлелсіз, құжатсыз деректерді тықпалап жүргендер бар. Біріншіден, А.Байтұрсынов пен Бәдрисафа Мұхамедсадыққызымен Әуликөлде некелескені туралы еш нақты дерек, құжат жоқ. Екіншіден, әкесі Байтұрсын мен ағасы Ақтасын Сібір қаторгасында айдауда болуына байланысты А.Байтұрсыновтың ол «жылдары» үйлену «ойынада келмеді» десек, қисыны келер. Аханьның ағалары мен әкесі Сібірге айдалып кеткенде Аханьның туған ауылында анасы Күнше мен бауырлары Қали, Мөшен, қарындасы Жилиш қалған. Үез бастығы малдарын көмпескелеп кеткесін ағайындар оншақты қой, бір сиыр, бір ат жинап беріскен. Үез әкімшілігінің қуғынынан кейін Шошақ балалары жүдеп қалған. Ахмет Байтұрсынов Әуликөлде мұғалімдікте жүргенде сағынса да, елге бара алмады. Әуликөлде мектептердегі қызметінде кейде Ахаңа еңбекақы да төленбей қалатын. Бірақ, Ахаң елден көмек сұрамады. Өзінің мандай терімен тапқан жалақысына күн көрді. А.Байтұрсыновтың Әуликөлде жүргенде үйленбеуіне де, елге бара алмауына да осындай себептер болды.

А.Байтұрсыновтың әкесі мен ағасы Ақтас Сібірдегі айдаудан 1902 жылы, он жеті жылдан кейін оралды. Ата жұртта Шошақ әулеті қайтадан абырой беделге ие болып, тіршіліктері жөнделе бастады. А.Байтұрсыновтың содан кейін еңсесі түзелді, рухани тәрбиелік бағыттағы мақсаттарына еркін бас қойды.

Аханьның әкесі айдаудан оралғаннан кейін, жеті жылдан соң, яғни, 1909 жылы алпыс алты жасында өмірден озған. Ал, анасы Күнші 1919 жылы өмірден өткен екен. Күнші қасиетті де, әулие адам болды десек те болады. Байтұрсын шаңырағында қос өркешті бір аналық түйе болған екен, сол түйе кешке жайылымнан келе жатып, ылғи Күншінің бейітіне соғып, тізерлеп алып, боздап отырады екен. Соны көрген жұрт еріксіз көздеріне жас алады екен. Аханьның әкесі Байтұрсынның ағасы Ақтас 1920 жылы қайтыс болыпты. А.Байтұрсынов И.Крыловтың мысалдарын ХХ-ғасырдың бас кезінде аударуды бастаған. «Аудару» деген тура айтқандағы мағынасы ғой, Ахаң 1909-жылы басылып шыққан «Қырық мысалды» қазақ өміріне бейімдеп, еркін ау-

дарма жасады.

1904 жылы А.Байтұрсынов Омбыдағы Торғай облысы оқу істері жөніндегі инспекторы Алекторовты іздеп барған. Оған мектептерде қазақ балаларын христиан дініне кіргізуді доғаруды, мұсылманша оқытатын қазақ кластарын ашу мәселелерін айтқан болатын. Бірақ, миссионерлік қызмет атқарып жүрген Алекторов А.Байтұрсыновтың көтерген мәселелеріне көңіл бөлмеді. Ресей отаршылдарының қазақ жерінде мектеп ашқандағы мақсаттары, оларды христиан дініне көптеп тарту екенін А.Байтұрсынов содан түсінген.

Омбыда жүргенде Аханьды Міржақып Дулатов іздеп келген. Жалындап тұрған ақын жігітке А.Байтұрсынов қатты ырза болып, екеуі достасып, ел үшін бір мақсатта қызмет етуге белсене кірісіп кетті. Содан екеуі мұғалімдікті Семей облысында жалғастырды. Сөйтіп жүргенде, Ресейде 1905 жылы революция болып, одан іле демократиялық кейбір кеңдіктерге жол ашқан патшаның декларациясы шыққан. 1905 жылғы Ресейдегі революциялық көтеріліс қазақтың оқығандарының арасында бір үміт отын жалғады.

Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов Семейден қазақтың қамын, келешегін ойлайтын оқыған озық ойлы азаматтармен танысты. Соның бірі заң саласында қызмет істейтін заңгер Жақып Ақбаев еді. Әлихан Бөкейханов Омбыда жүрсе де, Аханьмен, Міржақыппен хабарласып тұратын. Патшаға қазақ мәселесін көтеріп, аймақтық билікке петиция жазу идеясын көтерген со кісі. Он екі мындай адам қол қойған әйгілі Петиция жазылып, Омбыдағы Ә.Бөкейхановқа жеткізілген. Ол патшаның, Ішкі істер министрлігіне және аймақтық губернатор атына жазылған еді. Семей уезінің жандармериясының бастығы Осовскийдің губернаторға жеткізген деректері бойынша Ә.Бөкейханов ол петицияны пошта арқылы Петерборға жіберген. Содан кейін, Семей уезінің тыңшылары петиция жазғандарды іздеп, «күдікті» деп, А.Байтұрсыновтың, М.Дулатовтың, Ж.Ақбаевтің және басқа бірнеше адамның артынан аңдыған. Соның нәтижесінде алғаш 1907 жылы А.Байтұрсынов, Ж.Ақбаев және тағы бірер адамды аз уақытқа қамауға алған. Тыңшылардың Дала губернаторына жеткізуі бойынша «Қарқаралы» петициясының тексін жазған Ж.Ақбаев» делінген. Содан сол жылы сот болып, заңгер Жақып Ақбаев Жетісуға жер аударылған. Ахаңа тергеушілердің күштеуімен «петиция жазуға қатысы бар» деп жала жапқандарымен алғаш түрмеге түскен.

«...Қинамайды абақтыға жапқаны,
Қиын емес, дарға асқаны, атқаны,
Осылардың маған ауыр бөрінен,
Өз ауылыңның иттері үріп, қапқаны» деп мұңайтыны сол себептен еді.

Бір белгілі жазушы «А.Байтұрсыновтың Бәдрисафа Мұхамедсадық қызына үйленген» деп жазуы осы оқиғадан кейін, яғни 1908- жылы. А.Байтұрсыновтың қолында өскен Самұрат Кәкішев өзінің атасы туралы кітапшасында «Ахаң: «Бәдрисафа апан мен түрмеде жатқанда тамақ тасып, кірімді жуып берді. Оған үйленбесем, менің азаматтығыма сын болар еді» дегенін жазған.

Семей уезінің жандармериясы тұрақты аңдауда болған А.Байтұрсыновты 1909 жылы 1 шілдеде «сепаратистік үгіт насихат жүргізді» деп тағы түрмеге қамаған. Жұбайы Бәдрисафа Дала губернаторынан көмек көре алмағасын Ресей Думасының депутаттарына

А.Байтұрсыновтың хал жағдайын айтып арыз жазған. Ресей Думасының депутаты Бәдрисафа Мұхамедсалық қызының арызына назар аударып, Ішкі істер министріне осы істі «қысқарту» туралы ұсыныс жасайды. 1910 жылы Семей уездік соты А.Байтұрсыновтың ісін қарап, оны он алты жылға жер аудару туралы үкім шығарған.

«Қош сау бол, Қарқаралы жуылмаған,

Айдай бер, қалса адамың қуылмаған...» деген жыр жолдары да жаны киналған адамның сөзі ғой. Ахмет Байтұрсынов айдауда болатын жері ретінде Орынбор қаласын тандады. Ахаң 1917 жылғы төңкеріске дейін осы Орынборда тұрды.

«Қарқаралы» ісін тергеушілер тергеуді бес жылға созған. Соңында 1910 жылы «осы іске қатысы бар» деп тауып, Ә.Бөкейханов пен М.Дулатовты түрмеге жапқан. Олар бір жылдай түрмеде отырып шыққан. М.Дулатов одан шыққан соң, жандармериядан тасада болу үшін Түркістанға кетті. Достар тапты сол жерден. 1913 жылы М.Дулатов Орынборға кетерде сол достары біраз ақша жинап берген. Сол ақшамен Міржақып Дулатов бірден А.Байтұрсыновқа келеді. Өйткені, екеуінің де арманы қазақша газет шығару еді. Міржақыптың қаржысына Қазан медресесінде оқып жүрген оқушылар да ақша қосады. Сөйтіп, Ахаң мен Міржақып шағын типография сатып алады. Ахаң Қазан қаласында өзі араб әліпбиі негізінде жасаған әліпбиіндегі жиырма сегіз әріптің ұясын Қазанда темірден құйдырады. Газет шығатын қағаз сатып алады, типография тұратын үй жалдайды. Сөйтіп, біраз ұйымдастыру жұмыстарынан кейін, 1913 жылы 1-ші ақпан күні Орынбор қаласында «Қазақ» газетінің бірінші саны жарыққа шығады! Бұл қазақ елінің келешегі үшін жасаған өте маңызды қадам болды. Газетте сол кездері қазақ басында шешілмей жүрген басты мәселелердің бәрі жазылды. Жерді қазаққа бөлу мәселелері, жерді земствоға қарату мәселесі, қазақ кластарын ашу мен әліпбимен оқыту мәселесі, соттарда присяжныхлардың болуы, қазақтарды жер аударуды тоқтату мәселесі, орыс карашекпенділерін қазақ жерінің шұрайлы жерлеріне қоныстандыруды тоқтату мәселесі деген сияқты өзекті мәселелерді көтеріп отырумен бірге, «қазақ қалай ел болады» деген тәрізді келешек қазақ мемлекеттігіне қатысты ойларға түрткі болған.

Жергілікті үкімет «Қазақ» газетінде жазылған осындай мәселелерді «сепаратистік» деп 1914 жылы газеттің бас редакторы А.Байтұрсыновты тұтқындаған. Шама-лыдан кейін елдің жинаған көмегімен А.Байтұрсынов 3000 сом (ол кезде бұл өте көп ақша) төлеп түрмеден босаған. Бұл орыс патшалығы (дұрысы отаршылығы) тұсындағы Ахмет Байтұрсыновтың соңғы рет түрмеде отыруы еді. Өз ғұмырындағы ең үлкен зорлық, ең үлкен қорлық біраз жылдан кейін Кеңес үкіметі тұсында болатынын Ахаң ол кезде сезбеді.

1913 жылдан 1929 жылға дейінгі аралықта А.Байтұрсынов елі үшін, қазақтың келешектегі мемлекеттігі үшін атқарған қызметтері ұлан ғайыр. Қазақ әліпбиін, бірнеше оқу құралдарын, методикалық оқулықтар мен қазақ терминологиясын қалыптастырды. «Қазақ» газетіндегі мақалалардың көбін осы Ахаң мен Жахаң (М.Дулатов) жазған. Газетке келген мақалаларды түзетіп, өңдеп қайта жазып шығудың өзі қанша жұмыс. А.Байтұрсынов не істесе де, ұлтының келешегі үшін істеді. 1923 жылы Ахаңның мерей тойында Үкімет мүшесі Сәкен Сейфуллиннің «Қазақтың басқа оқығандары шен іздеп қызмет қылып жүргенде, сол заманда А.Байтұрсынов қазақ халқының қамын ойлаған

жалғыз кісі еді» деген себебі сол.

А.Байтұрсынов 1917 жылы Ресейде Ақпан төңкерісі болғаннан кейін, Қазақ сиезін шақырып, Алаш партиясын құру туралы идея көтергендердің бірі. 1917 жылы сәуірде Орынборда Жалпы Қазақ сиезі болып, онда Алаш партиясы мен Алаш орда құрылды. Алаш партиясының бағдарламасын жазғандардың бірі – А.Байтұрсынов. Бұл партия бағдарламасы қараша айында «Қазақ» газетінде жарияланды. «Алаш» партиясы Уақытша үкіметтен Қазақ автономиясын алудан үміттенген болатын. Бірақ, күзде Ресейде Қазан төңкерісі болып, үкімет бәлшебектердің қолына өткен. А.Байтұрсынов қазақ автономиясын осы Кеңес үкіметінен алуға бел буады. 1919 жылы наурызда Ә.Жангелдин бастаған он бір адаммен бірге А.Байтұрсынов Мәскеуге барып, Ленинмен, және Ұлт істері жөніндегі комиссар Сталинмен Қазақ автономиясын құру туралы келіссөзді тура төрт ай бойы, яғни шілде айына дейін жүргізеді. Ақыры, Ленин мен Сталин А.Байтұрсыновтың төрт ай ішінде жарыссөздерде айтқан мәселелерімен келісіп, Қырғыз автономиясын құру туралы шешім шығарады. Сол Қазақ автономиясын құру комиссиясының мүшесі болып тағайындалған А.Байтұрсынов Қазақ автономиясының шекарасын, республикалық статусының жобаларын жазумен айналысады. Соның негізінде 1920- жылы А.Байтұрсынов көрсеткен территориялар негізінде Қазақ (Қырғыз) автономиясының құрылғаны туралы Жарлыққа Ленин қол қояды.

А.Байтұрсынов сонымен бірге осы уақытта Алаш қайраткерлеріне кешірім жасау туралы Кеңес билігіне өтініш жазып, ол қабыл болып, Алаш қайраткерлері қысқа уақытқа болса да Кеңес үкіметінің түрлі салаларында қызмет істеуге мүмкіндік алды.

А.Байтұрсыновты НКВД 1937 жылы күзде тұтқындаған. Бір апта өтпей, Ахаңның қарындасы Көтездің күйеуі Рүстемді де (Әбдіғапар ханның баласы) тұтқындаған. Оның үйінен Ахаңның «Мәдениет тарихы» деген кітабын тауып, тергеуші алып кетіпті. Рүстемді «Мемлекетке қауіпті адамның кітабын жасырған» деп айып тағып, оны да ату жазасына кесіпті.

Бар ғұмырын ұлтының мұратына сарп еткен Мемлекет қайраткері, бірнеше ғылымның негізін қалаған ғалым, ақын, публицист Ахмет Байтұрсынұлы 1937 жылы НКВД-нің үштігінің шешімімен қараша айында атылып кетті. Сөйтіп, А.Байтұрсынов тура 66 жасында қанды қолдылардың оғынан өмірі қиылды. Патша оязын ұрғаны үшін ұзақ жыл қаторғада болған әкесі Байтұрсын да елге келгеннен кейін, 66 жасында өмірден озып еді.

Өңгімемізді Шошақ балары Ақтас, Байтұрсын, Сабалақтың оязды ұрып ұзақ жылға қаторғаға айдалғанынан бастап едім. Қазақтың батыр тұлғаларының бұл ісі орыс отаршылығына қарсы көрсеткен қайраты еді. Солай бола тұрса да, кейін, патшалық империя құлағаннан кейін, бұл ер азаматтарды ақтау туралы сөз қозғалмады. Кеңес билігі тұсында да солай болды. Солай болса да, біз А.Байтұрсыновтың ағалары, әкесі отаршыл, әділетсіз қоғамға қарсы айбат танытқаны үшін ғана айыпталғандарын, айдауда болғандарын іштей сеземіз.

Жұмат ӘНЕСҰЛЫ,
жазушы, тарихшы

Марал ишан мазары, XIX ғасыр

*Жосалы кентінен шығысқа қарай 18 шақырымда орналасқан
(N 45°31'4,4" E 064°16'22,5")*



Құрылысы

Кесене белгілі дін қызметкері Марал ишан Құрманұлының жерлеу орнына тұрғызылған. Марал ишан кесенесі жоспарында тікбұрышты, екі камералы ғимарат, саз қоспасы бар қам кесектен. Кесененің екі камерасыда күмбезбен көмкерілген. Кесененің композициясы порталды-күмбезге ұқсас. Кесененің негізгі фасады оңтүстік-шығысқа қарай бағытталған. Кесененің бірінші және екінші бөлмелерінің жоспары – квадратқа жақын. Олардың өлшемдері біріншісінікі - 6,0х5,8м, екіншісінікі - 2,8х2,8 м. Кесененің қабырғаларының биіктігі – 2,8 м, күмбез биіктігі – 3,5 м.

Өмірбаяны

Марал ишан Құрманұлы 1780 жылы Қостанай облысы Әуликөл ауданы Қайранкөл ауылында дүниеге келген. Ұлты - қазақ. Орта жүз Керей руынан шыққан киелі әруақ иесі. Бабамыз 1841 жылы Қостанайдағы өзі қоныс еткен «Әуликөлге» сапар шегіп барған жылдың жазында дүние салған. Қызылжардағы туған жері «Қайранкөлге» оралған Марал халқына жан аямай қызмет етеді. Көп ұзамай Марал әулие деген атағы шартарапқа тарайды. Жұрт оның небір кереметінің куәгері болады. Қызылжарда бірнеше мешіт салдырып, бала оқытады. Ислам дінін бар ынта-жігерімен уағыздайды. Дінсіздікке, имансыздыққа қарсы күрес жүргізеді. Халықты оқу жазуға, білімге үйретіп отырған әулие өз балалары мен ағайындарының ұрпақтарын да шығыстың мәдени-ғылыми орталықтарына ұзақ мерзімге оқуға аттандырып отырған. Бір баласы Есмұхамбет Бұхарада білім алса, Қалқай (Қалмұхаммед) Бағдатта 25 жыл оқып, 12 пәннен шатырхат алған.

Аңыз әңгімелер

Марал ишанның дүниеге келуінің өзі қызықты жәйттерге һәм тарихи оқиғаларға байланысты.

1741 жылы ақпан айының аяғында Жоңғар әскерлері Сыптан ноянның бастауымен қазақ жеріне тұтқиылдан шабуыл жасайды. Мұны қазақтар күтпеген еді. Айтарлықтай қарсылық көрмеген қалмақ әскері аз уақытта Шідерті өзенінің жағасына жетеді. Дәл осы сәтте Абылай асқан ерлік көрсетіп, қалмақтарға қарсы екі жүз адамнан тұратын шағын қолмен шабуыл жасайды. Бұл туралы сол кездегі Ямышев банкісінің коменданты Сібір губерниясының кеңсесіне 1741 жылдың 1 маусымында жіберген мәлімдемесінде баяндаған. Сол құжатта: «Қалмақтар оларды (қазақ әскерін) талқандап, сұлтан Абылайдың өзін қолға түсірді», - деп жазылған. Бұл жолы жеңіске жеткенімен Жоңғар шапқыншылары негізгі діндеген мақсатына-қазақ әскерінің негізгі күштерін талқандап, елдің быт-шытын шығарып, тонау ниетіне жете алмады. Көп шығынға ұшырап, кейін шегінуге мәжбүр болды. Қалмақ ханы Қалдан-Церен Абылайды аман қалдырады. Себебі, жоңғарлардың ішкі-сыртқы жағдайының ауырлап, Ресей мен Қытай империясымен сыртқы қатынасында қарама-қайшылық ұлғайып, шиеленіскен кезең еді. Әрі өз хандығының ішінде алауыздықтар бар болатын, Қазақ еліне тұтқиылдан жасаған шабуылының қате екендігін жоңғар ханы енді ғана түсінді. Сондықтан да, халқына беделді Абылай ханның кемеңгерлік қасиетін өз саясатының мүддесіне пайдаланбақшы болады. Тұтқындағы Абылай ханмен келіссөз жүргізіп шарт жасасады. Оны еліне көп сый-сияпатпен қайтарады. Етегі алтынмен көмкерілген қымбат шатыр, алтын зерлі қамқа тон сияқты асыл бұйымдарды тарту етеді. Баласы Әмірсанамен өмірлік дос еткісі келіп, өзінің қазақ әйелінен туған екі қызын қоса береді. 1743 жылы қыркүйек айының 5-санында Абылай қасына Жолбарыс сұлтаны бар, барлығы 35 адам аман-сау елге оралыпты. Қазақ жеріне аттанар алдында екі қыздың шешесі Абылай ханға бір жағы өсиет, екінші жағынан туыстық өтініш айтқан екен. «Мына қызымнан батыр туады, екінші қызымнан әулие туады. Мұны аузында иманы, бес уақыт намазы бар адамға бер, - деген екен. «Мұны қайдан білдіңіз?» - дегенде; «Алғашқы қызым түзге отырғанда дәреті жерді тесіп кете жаздайтын. Ал екінші қызым үнемі дәретін жасырып, көміп кететін» - деп жауап беріпті. Елге келген соң «батыр туады» деген қызын Абылай өзі алып, екінші кіші қызын сүйікті емшісі Құрманға қосады. Ал Құрман алған Фатима атты қыздан Құлжа, Арал, Марал атты балалар дүниеге келген. Фатима анамыздың бейіті Қызылорда облысындағы Қармақшы ауданының орталығы Жосалыдан терістік-шығысқа қарай 18 км қашықтықтағы бұрынғы «Қамыр қорымы» аталған биік, жалпақ төбенің басында. Осы күні ол – «Марал баба» қорымы аталады. Әулиенің анасы да тегін болмаса керек. Дүниеден өтер халетте баласына: «Сен де осында келесің», -депті. Кейін Арқа жақта қайтыс болған Маралды анасының қасына әкеп жерлеген.

Әулиелік атак даңқы Сыр мен қырға жайыла бастаған Марал ишанды көре алмаушылар да болыпты. Атақты әнші Жаяу Мұсаны жаяу атандырған Арқадағы Арғынның атақты шонжарлары Мұса мен Шеген Шормановтар Марал ишанға: «Біздің өз әулиеміз бар. Сен

әулие емессің, сиқыр жасайсың, егер әулие болсаң кереметінді көрсет. Әйтпесе бұл арадан көшесің» - деп қысым көрсетіпті. - Сонда, мен не көрсетуім керек? -депті Марал. -Қырық түйе сексеуілдің астына жатқызып өртейміз, содан аман шықсаң ғана біз сені әулие деп мойындаймыз, - депті Шорман ұрпақтары. Бұл оқиға Сырымбет тауының «Мыңбұлақ» маңайында, «Тескен су» деген жерінде болған екен. Төбедей қырық түйе томардың астына жатуға ыңғайланған Маралға, қалпелері: «Жоқ тақсыр, біз жатайық, егер сізге олай-бұлай жағдай болса, біздің қолымыздан ешнәрсе келмейді. Ал бізге бірдеңе болса, сіз жәрдем етесіз», - депті. Сонымен, томардың астына Тұрғанбай, Төртқара атты қалпелерін жатқызады. Оларды отқа өртеп жатқанда Марал, Сарыбауыр арғымағымен жанған оттың үстіне 40 аршын биікте - әуеде қалқып тұрған. Қырық түйе томар жанып біткен кезде әулие дауыстап, қалпелерінің атын атап «тұрындар» дейді. Құл арасынан екеуі де аман-есен шыға келеді. Отты айнала қоршаған қожа, молда, төре, би-шонжарлар «Астағфираллалап» жағаларын ұстайды. Осы көріністі Байұлының Алтын руының атақты Сейітжан ақыны былайша сипаттайды:

...Қырық түйедей томар жағып,
Қос қалпесін атты отқа,
Маңына ешкім бара алмады,
От гүрілдеп жанған шақта.
Ұлық-кішік жамағаттар,
Мұны көріп қылды тәуба.
Сарбауыр атпен Марал ишан,
Көк дүниеге көтеріліп,
Найза бойы тұрды сонда.
Ат үстінде теңселіп тұр,
Таспиық тартып зілзалаға,
«Жам тауында Жаланаяқ,
Хабардар боп жатырмысыз»,
Деп айтады анда-санда.
«Я, Марал»-деп берді аян.
Ертең сәске махалында,
Бұл дүниеден қайтар бабаң,
Өз қолыңмен дәтін айлап,
Намазыңды оқы, балам,
Осыны айтып ғайып болды,
Тұла бойы зікір айтып,
Көзі жаста, көңілі кіриян.
Ол сәске мен бұл сәскеде,
Жетіп келді есен-аман.

Сейітжан салдан басқа Марал ишанды Сыр бойының атақты жыраулары Балқы Базар, Шораяқтың Омары, Тұрмағамбет жырға қосқан. 1822 жылы патша үкіметі «Сібір қазақтарының Жарғысы» атты заң қабылдап, қазақтың ұлттық, діни дербестігінің көрінісі болып табылатын хандықты жоюға кіріседі. Бұған шыдамаған қазақ халқының ұлт-азаттық күресі күшейеді. Кейін Кенесары жаппай көтеріліс бастап, орыстарға қарсы шайқасып жатқан кезде Марал ишан Құсмұрын атырабында Ғазауыт соғысын жүргізеді. Бұған ең алғаш себеп болған нарсе осы Құсмұрын өңірінде орыстардың қазақтарды еріксіз шоқындыруы еді. Қызылжар жерінде атақты Сартай, Шаушақ батырлармен тізе қосып шайқасқа шығады. Марал ишан 1821 жылы өзін императорға жолықтыруды сұрап, Орынбор генерал-губернаторы П. Г. Эссенге және Сібір әскери бөлімінің бастығы генерал П. М. Капцевичке хат жолдаған. Хатында қазақтарды зорлап шоқындыруға, құнарлы



жерлерді тартып алуға қарсылық білдірді. Қазақ ру-басылары мен бас көтерер азаматтарына арнап патша өкіметінің отаршылдық саясатына, Қокан және Хиуа хандықтарының басқыншылығына қарсы күреске шақырған. Осындай аласапыран сәтте жер-суынан, ата-қонысынан айырылған қазақ шаруалары Кеңесары әскеріне қосылады. Сөйтіп, бұл қозғалыс ұлт-азаттық сипат алады. Міне, осы кезде Кеңесары өз хандығының рухани көсемдігіне Марал ишанды шақырады. Көтеріліске қатысушыларға діни басшылық жасау үшін Марал келісім беріп, хан сарайының Кеңес құрамына кіреді. Кеңесары әскерінің бірсыпыра жеңістерге жетуіне, халық алдында беделінің артуына әулиенің көп үлесі болады. Сонымен бірге қырғыздар түбі бірге туыстығын, орыстармен шайқасып жүріп, олармен жау болудың жөні жоқ екендігін ескертеді. Халықты егіншілікке үгіттеп, отырықшылық тұрмысқа үйрету керек екендігін Марал ишан үнемі айтып отырған. Бірақ, кей жағдайда Кеңесары, ишанның мұндай пікірлерімен санаспайды, көңілін қалдыра береді. Әсіресе Кеңесарының батыр інісі Наурызбай Маралды қатты ренжітеді. Кеңесары өзі Марал ишанмен бөле болып келеді. Осы туыстықтарын жалғастыру үшін ишан жағы Наурызбайға қыз беріп, оны күйеу еткен. Бірақ батыр бұл сенімді ақтамаған. Бірде мынадай бір жағдай болады. Кеңесары ауылы көктем шыға жайлауға көшеді. Наурызбай көшкен елдің соңында атқа кесе отырып (екі аяғын бір жаққа салып жіберіп), қаннен қаперсіз ән шырқап отырады. Марал ишанның 7 ұлының бірі – Піртаза ишан жасында өте ерке өсіпті, және оны әулиенің өзі де жанындай жақсы көреді екен. Қазақта балдызы жездесімен қалжыңдап, түрткілеп ойнай беретін әдеті бар ғой, Наурызбайдың соңында таймен жортып келе жатқан Піртаза жастықтың желігімен аңсыз отырған батырды қамшы сілтеп арқадан тартып өтеді. Наурызбай қылышты суырып алып, балдызына сілтеп

қалады. Бірақ, батырдың қылышты ұстаған қолы өрі жүрмей қалшып қатып қалыпты. Піртаза шапқылап, әкесі мен Кеңесарыны қуып жетіпті. Сонда Марал ишан: - Піржан-ай, байқамайсың ба? Жын-шайтанның ойнағынан пайда болған тентек төре басыңды қағып тастай жаздады ғой. Мынаны көрмейсің бе? – деп, жеңін түріп, қан ағып тұрған білегін көрсетіпті. Осындай қылықтарымен Марал ишанның жүрегіне дақ сала берген Наурызбай, әулиенің бетіне қарай алмай жүреді. Өзі тіктеп айта алмайтын болған соң, Кеңесарыны араға салып отырады. - Әулие!-депті тағы бірде Кеңесары. - Наурызбай қырғыздарға қарсы жорық жасамақшы, соған батырға батанызды беріңіз. - Сенімен туыстық байла-

нысымызды үзбеу үшін Наурызбайға қыз бердім. Оны үнемі қолдап жүрдім. «Атса оқ, шапса қылыш өтпесін» деп үстіне жібек көйлек тіктіріп бердім. Ана бір жолы орыстардан жеңіліп, бас сауғалап қашып келе жатқанда аттан құлады. Сол кезде аяғының астындағы томарға аяғын салып, шауып бара жатқан атына қайта мініп, жаудан құтылып кетіп еді. Сондағы аяғының астында пайда бола қалған томар мен едім. Нанбасан, қазір ініңді шақырып өзіңнен сұра! Ақыры, осының бәрі зая болды. Оған батамды берсем де, бермесем де бәрібір мерт болады деген екен. Хан сарайын сағалап, оның қамқорлығын көремін деп барған Марал, төре тұқымының осы сықылды әуелесін көргеннен кейін көңілі құлазиды. Сонау жылдардағы Сыр бойы халқының өзіне деген бар ықылас-ниетін, адал жүрекпен қиылып айтқан өтініш-тілектерін есіне түсіреді. Ол жалғыз бір адамға ғана бере салған уәде емес, бүкіл халық алдында айтылған серт еді. Осылайша Марал ишан Сыр өңіріне қоныс аударады. Қазіргі Қармақшы ауданының орталығы Жосалы қыстағының терістік шығысындағы «Қарабал» мекеніне көш басын тірейді. Халық қошеметпен қарсы алады. Марал әулеті осы төңірекке жайғасып, біржолата орнығады. Бір күні Марал әулие бүкіл елді тамақ беруге шақырыпты. Ығы-жығы жиналған халық, «өзі кедей, не береді бүкіл жұртқа?»-деп танданыпты кейбіреулері. Ортада 10 тайқазан асулы тұр екен. Бәрінің де іші бос, тамақ болмайды. Сонда тұрып Марал ишан екі қалпесін жұмсапты. Көп ұзамай екі жігіт 200-дей киікті айдап әкеліпті. Бағудағы мал сияқты иіріліп бір жерге тұра қалған киіктерді көрсетіп тұрып Марал ишан келген жұртқа қарап:

- Осыларды керегінше сойындар да аса беріндер. Керегінше жөндер, бірақ сүйегін кемірмендер, - депті. Жұрт ішіп-жеп болған соң, әулие: - Манадан бері жейтін шөбіңе, ішетін суыңа риза бол. Аллаһу ақбар! –

деп бата берген екен, киіктер дастархан үстінен өріп-өріп жүре беріпті. Соңынан бір теке ақсандап жүре алмай қалыпты. Сөйтсе, біреуі абайламай бақайшағын мүжіп қойған екен. Марал қасын барып, арқасынан сипағанда, ол әлгі киіктердің соңынан секіріп ала жөнеліпті. Сыр бойына келген соң, жергілікті халықты діни ислам жолына насихаттап, бір жағынан сауатын ашып, мәдениетін көтеруге Марал ишан көп еңбек етеді. Осы атыраптарда 7 мешіт-медресе салдырады. Кейін ұрпақтары да мешіт-медресе салдырып, бала оқытады. Сол себепті бұл аймақты жұрт «Қырық мешіт» деп атап кеткен. Елді егіншілікке үйретуде үлкен баласы Қалқайдың сіңірген еңбегі аса зор. Халық аузында «Қалқай құрымай, «алқа» құрымас» деген сөз бар. Қалқай ишан таң ата төбенің басына шығып алып, «Алқа», «Алқа» деп айқайлайды екен. Марал ишан және кейін ол кісінің балалары мен немерелері, елдегі талай ауруларды емдеп жазған. Марал ишанға жан-жақтан ағылып келіп жатқандардың ішінде баласыз мүсәпірлерде болыпты. Әулиеге түнеген ұлсыздар – ұлды, қызсыздар – қызды болып, тілектерін Алла қабыл етіпті. Бірде, Кете руының бір адамы Қарақұм жайлауынан қайтып келе жатып, атын шылбырына шұбатып қойып, түзге отырыпты. Елендеп тұрған семіз күреңі, иесінің қолы босамай жатқанын сезгендей шауып ала жөнеліпті. Апыл-ғұпыл атының ізінен жүгірген жолаушы қара көрмей қалыпты. Елсіз, сусыз жапан дала, түнімелік қасқыры жаудай. Жолаушы атты қуа-қуа әбден сілесі катады. Жаны қысылған шақта: «Ишан Марал! Сарт болып кетпесен құтқара гөр!»-деп бар дауысымен айқайлапты. Сол мезет көз ұшында селтііп тұрып қалған атын көреді. Жүгіріп келсе, сексеуіл түбіріне шылбырынан оралып, байланып қалған атын көреді. «А, Құдайлап» атына мініп, әдейі жолдан бұрылып, Марал ауылына соғыпты. Сонда Марал ишан: -Міне, мынаны көрдің бе, атың осыған байланды ғой, деп көйлегінің жағасын ағытыпты. Мойнын аттың шылбыры ысқылап, қыпқызыл ғып тастаған екен. Осындай керемет жәйттар ол кісіде өте көп болған. Қармақшы өңіріндегі Әлібай ахунның шәкірті Нияз молда Бұхараның Мир Араб медресесінде өзбектің атақты ғұламалары Садраддин Айни, Файзулла Ходжаевтармен бірге оқып шатырхат алған адам екен. Қармақшы ауданының «Ақтөбе» ауылында тұратын оған, сәлем беруге (1956 ж.) осы өңірдің халық сыйлайтын атақты адамдары Омар мақсұм, Ұбайдулла молда, Дүйсенбек, Ешмағамбет, Қарсақбай, Құрманғали сияқты молдалар жиналыпты. Сол отырыста Марал баба туралы көп әңгіме болған. Сонда Нияз молда бір хикаяны сөз етіпті. Марал бабаның 60-қа таянып қалған кезінде Дәуіт пайғамбар айтыпты: «Алладан уахи болды, аманат жанын тапсыратын кезі таянды. Өзінің туған топырағына қарай жылжи берсе болады», -деп. Сонда Марал баба: «Мен Кіші жүздің халқын жақсы көріп кетіп едім. Осы арада қалуыма Алладан рұқсат болар ма екен», -деген екен. Содан кейін пайғамбар: «Жаратушы иемізден осы арада қалуыңа



рұқсат болды. Алланың нұры Кіші жүздің топырағында қалатын болды ғой. Таңламақшар күнінде пейіштің бір есігі осы сен жатқан жерден ашылады екен»-депті. Осыны өз құлағымен естіген Нияз молданың ортаншы қызы Фазила апай ол кезде 13 жаста екен. Ал, Нияз молданың кімнен естігені бізге жұмбақ болып қалды. Ол өте ғұлама кісі болғаны белгілі. Қостанайдағы өзі қоныс еткен «Әулие көлге» сапар шегіп барған Марал ишан сол жақта 1841 жылдың жазында дүние салады. Үлкен баласы Қалқай ишан мәйітін «Қырық мешітке» жеткізеді. Сонда бабаның көш басы, шаңырақты түйесі – Қара атан бір төбенің басына шөгіп алып, тұрмапты. Әулиені сол жерге жерлеп, кейін үстіне қазіргі үй тамын орнатады. Бұл мекен баяғыда Марал ишанға аян берген әулие кемпірдің жатқан жері екені белгілі. Марал ишанның кесенесі Қармақшы ауданының орталығынан шығысқа қарай 18 шақырым жерде орналасқан. Басында халық келіп түнейтін қонақ үйі және шырақшысы бар. Сөйтіп, Марал ишан 61 жасында дүние салған. Жергілікті халық бұл әулиені «Марал баба» деп атайды. Және де қазіргі кезде аудан орталығында Марал баба атында мешіт және көше бар. Бабаның 4 әйелінен 8 ұлы болған. Ұрпақтары Қызылорда, Қостанай, Торғай, Ақмола, Жамбыл, Солтүстік Қазақстан және Өзбекстан жерлерінде тұрады. Қызылорда облысының Қармақшы ауданында Баба өмірінің соңғы кезеңі өтті, сондықтан да жұрағаттарының көпшілігі осы арада тұрады. Әулиенің өзі: «Бір баламнан 4 ишан шықты», - дейді екен. Басқа балаларынан да үлкен әулиелер шыққан ғой. Бірақ, әулиенің шүкіршілікпен мақтан тұтқан немерелері үлкен баласы Қалқай ишаннан тарағандар. Марал баба дүниеден қайтқаннан кейін оның балалары пірлік еткен. Әулиелік қасиет немере, шөберелеріне дейін жалғасқан.

**Нұрсұлтан Шамғұнов,
А.Байтұрсынов атындағы
ҚМУ-нің магистранты,
Айдынбек Скендиоров,
К.Рүстембеков атындағы
Қармақшы аудандық
«Жыраулар үйінің» маманы**



Ардақты азамат, абыройлы ғалым

Экономика ғылымның докторы, профессор, Халықаралық ақпарат және Халықаралық менеджмент академияларының академигі Сайлау Байзақұлы Байзақовтың шәкірті болғанымды мен орынды мақтан етемін. Барлық саналы ғұмырын ел экономикасын дамыту мен оны терең зерттеуге арнап келе жатқан көрнекті ғалым Сайлау Байзақовтың өскен жері, туған халқы үшін атқарған еңбегі зор. Биыл ардақты азамат сенгірлі сексенге толады. Сонда да қажырлы қайратынан таймай, ел игілігінің дамуына елеулі үлес қосып келеді.

Қазақстан егемендік алған 25 жылда экономика, саяси, әлеуметтік салаларында және халықаралық аренада ауыз толтырып айтуға тұрарлық керемет жетістіктерге жетті. Еліміз бағындырған биік асулар мен мемлекеттік тәуелсіздігіміз баянды болып, Отанымыз экономикалық тәуелсіздікке қол жеткізіп, мәңгілік ел болу асқақ арманына Қазақстан тез арада жетуі үшін әрбір қазақстандық, соның ішінде, қазақ ғалымдары өз үлестерін қосқаны рас. Бұл ұлы мақсат қазақ елінің ғылымы мен жетекші ғалымдарына мынадай басты талаптар қояды: ғылыми-техникалық үрдіс деп аталатын аламан бәйгеде Қазақстан жүлделі болып, көшбасшы елдердің арасынан еліміз төрден орын алуы үшін ғылымның әр саласында жемісті жұмыс атқарып жүрген және дүние жүзіне танымал ғалымдарымыз көп болуы тиіс.

Жаңа техникалар мен озық технологияларды жетік меңгерген және қазақ елінің өркендеуіне қомақты үлес қосуды басты парызы санайтын ақылды, білімді, қайратты, ұлтжанды жас ұрпақ тәрбиелеп, қазақ елін бәсекеге өте қабілетті кадрлармен толық қамтамасыз ету керек екені белгілі. Экономика саласында ұзақ жылдар бойы тыным таппай жүргізген ғылыми - зерттеу жұмыстарының басты нәтижелері мен ашқан ғылыми жаңалықтарын жақын және алыс шетелдердің жетекші ғалымдары тегіс мойындаған және еліміздің экономикасын өркендетуге ерекше қабілетті әрі біліктілігі өте жоғары кадрлар дайындау мәселесін ұтымды шешуге қомақты үлес қосқан академик Байзақов Сайлау ғылым саласына туған елі иғына артқан ауыр жүкті қиналмай көтеріп, тағдырдың сынақтарынан, ар - ұят пен намысты биік ұстап, сүрінбей өтіп жүрген және қазақ елінің мүдделерін әрқашан қызғыштай қорғайтын ұлтжанды азамат, қазақ елінің бағына туған көрнекті ғалым деп айтуымызға болады.

Асқаралы белеске жету онайға түскен жоқ. Ғылым жолына ерте түскен ғалым 1968 жылы белгілі профессор М.Исаеваның ғылыми жетекшілігімен кандидаттық диссертациясын, 1974 жылы Мәскеуде Қазақстандағы агроөнеркәсіп кешені жөнінде докторлық диссертациясын қорғады. Қазіргі уақытта ол 200-ден астам ғылыми еңбектің авторы екенін білеміз. Оның докторлық диссертациясының тақырыбының өзі ерекше бола-

тын. «Совершенствование размещения производства и переработки сельскохозяйственных продуктов (На основе методов многоступенчатой оптимизации)» деп аталатын. Осы ауыл шаруашылын жеделдеу тақырыбы сол кезде өте орынды көтеріліп, кейін экономиканың дамуына серпін берді. 1986-1991 жылдар аралығында Қазақстан бойынша «Итенсификация-90» атты бүкілодақтық бағдарламасының бір бөлімін Қаратай Тұрысовтың тікелей басшылығымен дайындап, алға қойған мақсатына жетіп шықты.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында ҚР Мемлекеттік жоспарлау біріккен институтының директоры ретінде білікті ғалым ел экономикасын нарықтық қатынастарға көшіру жөнінде көкейтесті ұсыныстар жасап, дағдарысқа қарсы бағдарлама жасау жөніндегі Қазақстан үкіметінің жұмысшы тобының мүшесі ретінде ірі мұнай жобаларына сараптама жасауға қатысты. Сол жылдары бір топ ғалымдармен бірге банк мәліметтерін жобалау туралы бағдарлама және республикалық ақпарат желісі мен жүйесін жасады.

Қазақ мемлекеттік университетінде оқып жүрген кезімде 1979 жылы Есептеу математикасы кафедрасының доценті болып қызмет атқарып жүрген ұстазыммен дипломдық жұмысыма ол кісі ғылыми жетекші болған кезде таныстым. 1980 – 1982 жылдары стажер-зерттеуші, ал 1982 – 1985 жылдары Қазақ ССР НИЭПН ғылыми-зерттеу институтының аспирантурасында оқыған кезімде менің ғылыми жетекшім болған уақытта экономика ғылымының қыр-сырын жан-жақты танып білуіме, экономикалық процестерді терең түсініп, заңдылықтарын толық меңгеруіме және осы салада нәтижелі ғылыми-зерттеулер жасауыма, демек, менің жеткен жетістіктеріме ғылым жолындағы ұстазымның сіңірген еңбегі мен қосқан үлесі орасан зор деп бағалаймын.

Ашқан ғылыми жаңалықтары арқылы қазақ елінің өркендеуіне зор үлес қосқан және шет елдерге сол кездегі қазақ ғылымының жетістіктерін танытып, қазақ халқының абыройы мен беделін биікке көтерген әлемге әйгілі атақты ғалымдар Шоқан Уәлиханов, Әлкей Марғұлан, Қаныш Сатпаевтар бастаған ұлы көштің соңына ерген және бүгінгі қазақ ғылымының дүние жүзіне танымал бола беруіне зор үлес қосып жүрген атақты ғалымдарымыздың арасындағы шоқтығы биік, болашақ ұрпақтың қамын ойлап, кең байтақ жерді, қазақ халқының ерліктерге толы ұлы тарихын, төл мәдениетімізді ұрпағына мирас етіп қалдырған батыр бабаларымыздың аманатына адал болып, жолынан жығылмай, қасиетті тарихымыздың алдындағы барлық парызын абыройлы көтеріп жүрген азамат, ауыз толтырып айтуға тұрарлық ғылыми жетістіктерімен және тағылымы мол ұлағатты өмірімен шәкірттеріне мол үлгі-өнеге көрсетіп, саналы әрі ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеп жүрген ұлағатты ұстаз, халқына адал қызмет жасап, елінің көркеюіне сүбелі үлес қосу арқылы көкірегінде сәулесі бар жігіттер мен қыздарға бақытты өмірге апарар сара жолды көрсете білді.

Ғалым қоғам өміріне етене араласып, өз ойларын ірікпей айтып отырады. Бұған оның мерзімді баспасөз бетінде жазылған сұхбаттары куә.

«Ұлтымыздың түп негізі – ауыл. Бірақ сол қасиетті

мекен көп қиындықты бастан кешуде. Ауыл экономикасы мен ондағы тұрғындардың тұрмысын жақсарту үшін ғалым ретінде сіз қандай жобаларды ұсынар едіңіз?» – деген журналист Азамат Есенжолдың сауалына ғалым аға: «Азаттық алған алғашқы кезеңде ауыл күрделі кезеңді бастан кешті. Кейін ауыл экономикасын көтеруге мемлекет аз қаржы бөлген жоқ. Әсіресе, менің ауылды басқару, ұйымдастыру мәселесіне көңілім ауа береді. Бүгінде ҚР Парламент Мәжілісінде ауыл экономикасына дем беретін «ҚР Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» заң талқыланып жатыр. Мұны мен елдегі адамдардың тұрмысы мен бастамасына сенім білдіретін инновациялық жоба деп санаймын. Осы жоба созыла бермей тезірек жүзеге асса деймін. Қазір ауыл тұрғындары қалаға көбірек қоныстануда. Әрине, ауыл тұрмысына қарағанда, шаһардың артықшылығы мол. Дегенмен, жоғарыдағы заң іске асырылса, ауылдың экономикасы жанданып, қайтадан елде тұрғысы келетін азаматтар көбейер еді.

Айта кетейік, осы заңнаманы жүзеге асырудағы негізгі күш – мемлекеттің жәрдемі ғана емес, мемлекеттік пен жеке секторлардың бірлескен күшін пайдалануға жол ашылады деп есептеу керек. Бүгінде елімізде мемлекет пен жеке секторлардың өріптестігі жақсы дамып келеді. Содан кейін ауылға қуат беретін тағы бір тетік, ол – кооперациялау жүйесі» – деп жауап берген болатын.

Отандық ғалымдардың экономика саласындағы ғылыми жетістіктеріне шетелдің атақты ғалымдарының назарын аудартып, жоғары бағасын алудың арқасында егемен қазақ елінің ғылымының дүние жүзіне танымал болуына қомақты үлес қосып жүрген және ғылымның сан алуан қыр-сырын тыным таппай үйретіп, өзі ғылыми жетекші болған шәкірттерін баптап, ақыл-кеңесін беріп, ғылыми мектеп қалыптастырды. Әр салада жемісті еңбек етіп жүрген, мамандығын жетік меңгерген, біліктілігі өте жоғары ғалым шәкірттері арқылы қазақ елінің экономикасының қарқындап дамуына орасан зор үлес қосқан ғалымның еңбегі жанды.

Ардақты ұстазыма зор денсаулық, бақытты да ұзақ өмір тілеймін. Бала-шағаңыз аман-сау болып, өсіп – өне берсін, халқына қалаулы, еліне елеулі азамат болып, бақытты әрі ғұмырлы өмір сүрсін, көптеген жеңістерімен және ғылымдағы жетістіктермен қуанта берсін. Қазақ ғылымының дүние жүзіне танымал бола беруіне қосар үлесіңіз әлі де мол болсын.

Әбдікәрім Байманкұлов,
Қазақстан
Табиғи ғылымдар
Академиясының
академигі, Ахмет
Байтұрсынов атындағы
ҚМУ профессоры,
физика-математика
ғылымдарының
докторы



Жалынды жастар ордасы

Қостанай қаласының оқырмандары жиі баратын орталықтардың бірі және бірегейі Л.Н.Толстой атындағы №1-ші облыстық кітапхана. Ол жерде жас ерекшеліктеріне сай және шет тілдерде ұйымдастырылған клубтар жұмыс істеп келеді. Өзіне лайықты орта немесе қызықты зияткерлік алаң іздегеннің бәрі осында келіп, түрлі үйірмелерге жазылып тұрады. Сондай белсенді үйірмелердің бірі – қаламыздың түрлі оқу орындарының белсенді студенттерін біріктіретін «Жастар» бірлестігі.

Жастар бірлестігі бір жыл ішінде көптеген іс-шаралардың өтуіне ат салысты. Үлкен дайындықпен өткізілген «Кітапхана түні» жобасында қонақжай бөліміне келушілерді театрландырылған қойылыммен еліктірді. Келушілердің назарына Мұқағали Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» шығармасын көрсетті. Көркемсөз оқып жарысқа түсті.

Әр жексенбі сайын жиналып түрлі тақырыптар



жауап бере алмады. 15 адам жауап беруде қиналмаса, 18 адам жауап беруден бас тартты.

"Жастар" бірлестігінің кезекті жиынында келушілерге қонағымыз Сырбай Мәуленов атындағы гимназия мектебінің психолог маманы Гүлнұр Қапышева тренинг өткізді. Негізгі мақсаты ұйымшылдық пен достық қарым-қатынасты нығайту. Бірлестік мүшелеріне жақсы көңіл-күй сыйлау болды.

Клубтың әр түрлі тақырыпты қамтып, қызығушылықтарының мол екендігіне тағы бір дәлел: Әулиекөл ауданы бойынша бизнес-тренер Әбутәліп Әмір жүргізген «Бақытқа бастар бағыт»

талқыланып, зияткерлік ойындар өткізілді. Әсіресе, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» мақаласы кең көлемде талданып түсіндіру жұмыстары жүрді. Бірлестікке келуші жастар түрлі әлеуметтік сауалнамалар жасады. Мәселен, ұлыстың ұлы күні – наурыз мейрамы қарсаңында «Жастар» бірлестігінің мүшелері «Қостанайлықтар салт-дәстүр мен әдет-ғұрып жайлы» деген тақырыпта түсірілген сауалнаманы көпшілік назарына ұсынды. Мұндағы мақсат жерлестеріміздің ұлттық құндылыққа деген көзқарасын анықтап, хабарсыз жандарға үйрету болатын. Сондай-ақ, салт-дәстүрді насихаттау. Сауалнамада барлығы 50-ге тарта адамнан сұрақ алынды. Сөйкесінше 7 адам мүлде

тренингі. Аталмыш кездесуге жастар көптеп жиналған болатын. Ол жолы сәттілікке қалай қол жеткізу, табысты болудың жолы және кәсіпкерлік үшін үкіметтен жасалатын қолдаулар жайында айтылды. Бұл жастарға аса қызық көрінді.

Жексенбі күндері барынша жергілікті акын-жазушылармен кездесу өткізіледі. Әсіресе, әр кездесуге акын А. Мауданов пен А.Қанғожин жиі келіп жүрді. Мұндай азаматтардың келуі «Жастар» бірлестігіне келуші жас-өспірімдердің де санын және сапасын арттыруға зор көмек болғанын айта кеткен жөн.

Жанболат Кенжегүл

ҚҰМКЕШУДЕГІ КИЕЛІ МЕКЕНДЕР МЕН, ҚАСИЕТ ҚОНҒАН КІСІЛЕР ЖАҰЫНДА



Туған жерінің тарихын білу әр пенденің парызы. Өскен өлкенің табиғатын аялап, бар байлығын көзінің қарашығындай сақтау міндет. Бағзы заманнан бүгінге жеткен тарихи жерлер мен сыры кетсе де сыны қалған көне ғимараттар өткеннен сыр шертеді.

Киелі Торғай аймағында тылсым дүниелер мен таңғалдыратын жәйттер, сондай-ақ қандай да жағдайдың орын алуына байланысты қойылған жер-су аттары көптеп кездеседі. Біраз адамдар дүниежүзіндегі, өз еліндегі, туған облысы, ауданындағы, ауылындағы жеке географиялық атаулардың, тіптен көше, аландардың, өзен-көл, жоталардың аталу себептерін, шығу тарихын біле бермейді. Жас болсам да өз басым туған жерімнің атауларының тарихы жайлы білуге әуеспін.

Мен туған жер Аманкелді ауданынан Торғайға қарай 30 шақырым Құмкешу ауылы. Сол өңірдің өзінде бірі білсе, бірі білмейтін көптеген тапонимдер мен ойконимдер кездеседі. Ауыл атының өзі табиғаттың тылсым мінезіне орай «Құмкешу» деп аталған. Ауыл іргесіндегі тас жолдың бойын жағалай үйілген майда құмдар төбе-төбе болып бір жерден екінші жерге желмен көшіп тұрады. Бүгін көрген төмпешік құмды екі-үш күн өткен соң көрген жеріңнен таппай қаласын. Жел үрлеп басқа жерге үйіп тастаған. Бірақ бір қызығы шеңбер сызып белгілеп қойғандай, ауылды айналып үдере көшеді. Құмкешу аталуы киелі құмды ата-бабымыздан бастап, күні бүгінге дейін ауыл халқының тобығынан кешуі себеп.

Сөзімді жандандыру үшін дәлелдер келтіре кетейін. Ауылдың шығыс беткейінде бір шақырым жерде бөгет бар. Ертеректе ауылдық жерді тасқын судан қорғау және шабындыққа су жіберу мақсатында

мектеп оқушыларының көмегімен салынған. Ауыл ақсақалы Төленов Ғалымжан атаның айтуынша оқушылар қапқа құм салып оны қалап жасаған. Күні бүгінге дейін бөгет бұзылмай қалпын жоғалтпаған. Сондықтан халық бұл жерді «Балабөгет» деп атап кеткен.

Құмкешуден үш шақырым шығысқа қарай жерде сұпы там болған. Сырттан келген жолаушыға өзеннің бергі бетінде отырған ақсақал: «Сен судан өтпе, үш күннен бері су «Жанқара-Жанқара» деп шақырып жатыр деген. Қарияның сөзін тыңдамай, тасып жатқан судан өтем деп суға кеткен. Көп уақыттан кейін судан денесі шыққан. Троицкіге қалыңдығына кетіп бара жатқан дәулетті азамат болса керек. Аукатты Жанқара есімді азаматтың қымбат заттарын жанына қоса көмсе керек. Бүгінде зираты жермен жексен болған. Ол тамның дәл қайжерде болғанын білетін үлкен кісілер өмірден озған. Тек ауыл халқы жобалап біледі.

Құмкешуден 18 шақырым, көтерме жолдан 5 шақырым батысқа қарай «Әулиетүз ойпаты» бар. Жағалай қара батпақ, жоғарғы жиегінен тұщы су ағады. Емдік қасиеті бар. 80-ші жылдары зерттеп, емдік санаторий ашу жоспарланып сметасы жасалған. Бірақ әлі жоба жүзеге асырылмай жатыр.

Бұл өлкені қасиет қонған кісілер де мекен еткен. Шөптібай Байділдин ағамыздың «Санаулы ғұмырымадағы, саңлы ойларым» атты кітабында жақсы баяндалған.

Құмісбай Әулие XIX – ғасырда қазіргі Қызбел ауылында - Жылқайдар әулетінде дүниеге келген (Жанкелдин ауданы). Жас кезінде әулиелігін ағайындары елемей сырт қараған.

Әулиенің істеген ісін, жүріс тұрысын ағайындары

жақтырмағанға ұқсайды. Ағайынға өкпелеп Қоңыраулы өзенінің тасып жатқан кезінде әйелін жетектеп, баласын әйеліне арқалатып, тасқын суға келіп: - Құдай мықты болсаң, көкке тарт, Сүлеймен мықты болсаң, суға тарт, -деп судың үстімен жерді басқандай жылжып жүре берген.

Суға кетеді деп сырттай бақылап тұрған ағайыны Күмісбайдың тегін адам емес әулие екендігіне көзі жетіп қамығып қапаланып істеген істеріне ұялып жерге қарайды. Әулие сол бетімен осы Құмкешу маңындағы Торғай өзені жағасында отырған жергілікті халықтың бірі қарамоын Елғонға келіп бала болып тұрақтап қалады.

Арада жылжып жылдар өтеді. Қартайған шағында өмірден озатынын айтып өсиет жасайды. Өсиетінде осы жерге аманат деп жерлендер. Мен өлген соң 18 жылдан кейін осы Құмкешуден біреу қажыға барып келеді. Мешіт салдырады. Міне, сол кезде мені қайта сол мешіт жанына жерлендер деп өсиет айтқан. Болжаған мезгілінде дүниеден озып әулиені Торғай өзені жағасына «аманат» деп жерлейді. Арада уақыт өте береді. Әулиенің өсиеті ұмытылады. Сол кезеңде көрші Торғай елі жағынан осы елге бала бақсы келеді. Сөз арасында осы арада аманат айтқан бір әулие жатыр неге қайта жерлемегенсіңдер деген.

Сонда ғана Күмісбай әулие өсиеті еске түсіп, ауыл үлкендері әулиенің денесін ашып көрден алады. Ашып караса әулиенің денесі сол қалпы сақталған тек бір үлкен башайының басы сәл қарайған екен дейді.

Қайтадан кебіндеп қажыға барып келген Құлкей қажының маңына жерлеген. Әулие денесі жиырма жылға жуық жерде жатса да өзгермеген.

Сол Күмісбай әулие басына бүрмелі шағын саман там орнатылған. Бүгінде кесегі езілген, шөккен.

Ауыл азаматы Мырзабайұлы Рамазан басына құлыптас орнатқан. Оған Шағайұлы Күмісбай әулие 1888 жылы қайтты деп жазылған. 2006 жылы үлкен табиғи тастан қашалған үлкен құлыптас қойылды әулиеге. Астында ескерткіш Кенжеахметовтер әулетінен делінген. Сейт ағамыз болар орнатқан. Кешегі Ұлы Отан соғысы кезінде ауылдың бір азаматы әулиенің Сұпы тамына ер тоқымын, керекті заттарын аманат деп қалдырып өзі соғысқа кеткен. Сол азамат соғыстан аман оралып қойған затын сол қалпында алған.

Өткен ғасырда өмір сүрген Тобаяқтың Мұханбетжаны өте киелі, әулие ұста болған адам екен. Әкесі Игісін де аса шебер киелі адам болған. Ол кісі XIX ғасырда кедейшілікпен ғұмыр кешкен. Бірақ шебер атағы Торғай аймағынан әрі асқан. Қолына түскен қаңылтыр, темір кесінділерін қорытып неше түрлі алмас қылыштар, тұрмыстық заттар жасаған.

Жыланшық бойындағы бір байға жалданып шелектен асыл пышақтар, балта, кетпен жасаған адам. Шеберлігіне халық тәнті болып көрмекке құмартқан. Құмкешуде отырған кезеңінде дәулетті бір бай адам Игісін ұстаны көріп сәлемдеспекке жолға шығады. Мезгіл қыс кезі болса керек. Жобалы жерге жетіп ұстаның үйін таба алмай айнала адасады. Сөйтіп торығып келе жатқанда алдынан көріксіздеу мыжырайған қисық аяқ (Тобан аяқ дейді қазақ бұндай адамды) шағын шал кездеседі.

Ат айдаушы бұрылып жөн сұрамаққа жинақтала бергенде бай жақтырмай қой мынадан жөн сұрағанша

адасып өлгеніміз жақсы шығар деп жаңағы кездескен кісіні қорашсынып менсінбей «басқа жаққа бұрыл» деп пәрмен береді. Әрі адасады, бері адасады. Өлдім-талдым дегенде айдалада тұрған жалғыз үйге тап болады. Өздері адасқан, тоңған жолаушылар амалсыз бәкене, көріксіздеу үйге кіреді. Кірсе төрде манағы өздері жолда кездестірген шал отырады. Амал жоқ тілдесіп, өздерінің атақты ұста Игісіннің үйін іздеп жүргендерін айтады. Сонда төрде отырған көзге қораш әулие шал «қарағым іздеген адамың мен боламын» деген екен. Бай өзінің астамшылығына қатты қысылып шеберден кешірім сұраған. Сол Тобаяқтың (Игісін) баласы Мұханбетжан да өте киелі шебер ұста адам болған. Кешегі 50-ші жылдары колхозда ұста болып бүкіл елдің қажетін шығарған. Өте дәлдікті қажет ететін үзіліп кеткен ДТ-54 тракторының қолвалын отқа салып қыздырып отырып біріктіріп жұмысқа жаратқан.

Бір шәйдің үстінде келген ер адамға пышақ, әйел болса күміс сақина соғып береді екен. Сол кісінің қолынан шыққан күміс сақиналар Құмкешу ауылы тұрғындары қолынан кездеседі. Ұстаханасы ауылдан екі шақырым жерде Токанай сайы бойында болған. Ол кісі өмірден озғаннан кейін де «ұстаханадан түнде балғаның соққан гүрсілі естіліп тұратын еді» дейді ауыл карттары.

Қүстөбеден Қарабидайыққа дейін қолдан қазылған арық. 20-30-шы жылдары тартылған. Кеңдігі сондай ішінде машина түсіп жүре алады. Ұзындығы 6-7 шақырым. Осы тегіс алқапқа алғашқыда тары екен. «Әли арық» атауы Әліби Жанкелдиннің құрметіне қойылған. Бұл туралы Байдақ Молдашевтың мына өлең жолдарынан дерек келтіруге болады.

*Жұлдыздай жалтылдайды отты жылдар,
Тер сүртіп маңдайларын өпті самал.
Бас арық бітер күні сол ауылда,
Жанкелдин келеді-деген жетті хабар.*

*Ей, жұртым, ие болдың жерге, міне,
Әлидің қуанамыз келгеніне.
Ол бізге астық алып келе жатыр,
Біз оның не сыйлаймыз еңбегіне?*

*Деп Молдаш елге қарап тұрып қалды,
Көп ойлар Әлиге айтар сұрыпталды.
-Е, бәсе, не сыйлаймыз?-деп халайық,
Еске алды ата жолы-ғұрыптарды.*

*Сөз алды Уәли, Мұрат, ата кілең,
Құттықтап келе жатқан сапарымен.
-Айтайық қазып жатқан осы арықты
Әліби Жанкелдиннің атағымен.*

Бұл арықты ұйымдастырып басқарған Молдаш Құдабаев.

Осындай киелі адамдар Құмкешу топырағында көп болған. Көбісі естен шығып ұмыт болған. Бол-маса іздеушісі болмай елеусіз қалған.



Керегі - келісті келбет емес...

Қазақ журналистикасы біршама дамып келе жатқаны біз үшін үлкен қуаныш. Ендігі кезекте хабар таратудың түрлі инновациялық жолдары енгізіліп, сапа жағынан алдыңғы орынды тізгіндеп келе жатырмыз. Елімізде арналардың саны артып, көрерменнің көзайымына айналып-ақ отыр. Бірақ та, арналарды аралып отырып, ондағы бағдарламаларды тамашалай келе бір жайтты байқадыңыз ба? Менің байқағаным, арналардың көпшілігі нарықтық заманның таза құрбанына айналып жатыр деп айтар едім. Неге дерсіз?! Отандық телеарналар өздерінің рейтингтік көрсеткішін көтеру үшін танымал әншілер мен асабаларды арнаның келбетіне айналдырды. Бұл әрине көрерменді жақын тарту, қызықтыру үшін жасалған арзанқол тәсіл. Бүгінде телехабарлардың сапасы журналистикаға қатысы жоқ жандардың қолында жүр. Мүмкін арналар қазіргі күні тек келбетке мән бере ме деп қаламын. Олардың эфирдегі тіл шорқақтығы өзекті мәселе ретінде қала бермек. Теледидар тілі қалай сөйлесе, біз де дәл солай қабылдаймыз. Теледидарда айтылған әрбір сөз санамызда өз ізін қалдырады. Көрермен ретінде тіл жұтандығына айтар негізгі себебім де бар. Ең біріншіден, ана тіліндегі төл сөздің мағынасын ажырата бермейді немесе түсінбейді. Мысалы, «Қазақстан» ҰА «Таңшолпан» бағдарламасының жүргізушісі Гүлнұр Оразымбетова ханымның сөйлеу диалектісінде «ақырғы рет» деген сөзді жиі естимін. Қазақ тілінің әмбебап сөздігінде «ақтық» сөзіне «ең соңғы», «ақырғы» деген түсінік берілген. «Ақтық дем», «ақтық сапар» деп те қолданылады. Иә, құлағымызға түрпідей тиетін «ақтық» сөзінің мәні осындай. Екіншіден, сөйлемді орынды құра білмеу. Мысалы «Қазақстан» ҰА «Сәлем, Қазақстан» бағдарламасының жүргізушілері Тәуекел Мүслім мен Ерке Есмаханнның диалогіне назар аударып көрдіңіз бе? Актерлік шеберліктерінің арқасында айтылып жатқан сөзге көрермен онша назар аудармауы мүмкін, бірақ назар аударсаңыз екеу ара айтылып жатқан әңгіме сөйлемдері мүлдем ұйқасын таппай тұрғанын көруге болады. Үшіншіден, үндестік заңын

ескермеу. Тележүргізушілер қателіктерінің бірі – «ә» әрпін дыбыстағанда «а» деп айту. Лингвист ғалымдар ана тілдегі сөздің нормаларын бұзып айтуды интерференция деп атайды. Бұл, әсіресе, әнші жүргізушілердің сөйлеу тіліне кенедей жабысқан әдет. Олар «а»-ны орыс тіліндегі дыбысталуымен айтып, сөздің мәнін қашырады. Мысалы, «жАй», «шАй» дейді. Қазақ «шӘй іштім», «жӘй» келдім деп айтады. Орыс тілінде «ә» дыбысы жоқ. Сондықтан, «ә» дыбысының дыбысталуы өзгерді. Соның ішінде, журналисттің жазғанын оқып беретін тіл ережесін бұзатындар – тағы да сол әншілер қауымы. Ойын-сауық, ток-шоу, реалисти-шоу, өзіл-оспаққа құрылған хабарлардың басты олқылығы – жүргізушілердің тіл заңдылықтарын білмеуі, сақтамауы және ауқымды тақырыптарды игеруге өресі мен сауатының жетпеуі. Теледидардан сөз сөйлеу – фонограммалармен ән айту емес, ол тележүргізушіден шешен тілді энциклопедиялық білімді талап ететін өнер.

Көрермен сапалы дүниені арзанқол алдаудан ажырата білуі қажет. Кәсіби біліктілігі бар журналистер әрқашан сұранысқа ие болуы дұрыс деп ойлаймын. Себебі, атам қазақ айтқандай «Шымшық сойса да, қасапшы сойсын». Отандық телеарналардың алдауратпа амалдарының әрекетіне тоқтау қойылуы керек. Ол үшін біз қоғам, ел болып талабымызды жоғары қоюға тырыссақ жеткілікті. Сонда ғана келбеті келіскендерді тани аламыз. Көрермен сұранысы қашан да манызды екенін ескеру қажет. Ал сұраныс болмаған жерде ұсыныс болмайды.

Байқап отырғаныңыздай, қанша жерден танымал, актерлік шеберлігі болғанымен нағыз журналистік қызмет үлкен жауапкершілікті талап етеді. Яғни кәсіби білім мен біліктілік орынды жерде қолданылса, одан гөрі пайдасы зор болады деп ойлаймын. Себебі, әр сала өз маманын ғана қажет етеді.

Әйгерім Шаяхметова
А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ-дың
журналистика мамандығының студенті

Латын әліпбиіне көшу – болашаққа баатар базыт

Ахмет Байтұрсынов атындағы ҚМУ-нің практикалық лингвистика кафедрасының оқытушылары Ә.Нұрсейітова мен Б.Беркенова Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы аясында жұмыс жоспарын жасап, қазақ бөлімінің бірінші курсында білім алып жатқан студенттерге «Бізге латын әрпі қажет пе?» деген тақырыпта эссе жазып келуге тапсырма берген болатын. Типтік бағдарламаға сәйкес «Орыс тілі (екінші деңгей)» пәні бойынша «Рассуждение как функционально – смысловой тип речи» деген тақырыпта қазақ тілін латын әрпіне ауыстыру проблемалары туралы шәкірттер ой толғады. Эссе жазуға «Психология», «Аударма ісі», «Шет елдер филологиясы», «Юриспруденция», «Тарих», «Информатика», «Ақпараттық жүйелер», «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандығының барлық студенттері қатысты.

Студенттердің басым көпшілігі кириллицаны латынға ауыстыру туралы шешім дер кезінде қабылданды деп есептейді. Өйткені, Қазақстан қазіргі уақытта әлемдегі мойындалған мемлекеттердің бірі, елімізде тұрақтылық пен бірлік берік ірге тәуіп отыр. Көптеген елдерде осы заманғы ғылым мен интернет желісін, техниканы меңгеру латын әрпі арқылы жүзеге асырылуда. Студенттердің 75 пайызы әлем елдері мен түркі дүниесінің Қазақ елімен интеграциясына назар аударған. Кейбір студенттер латынға көшу үрдісінің халықпен толық кеңесіп барып шешілмегенін және қаржылық шығынның көп болатынын кемшілік ретінде атап көрсеткен.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында айтылған біртіндеп латын алфавитіне көшу – заман талабы. Себебі, латын графикасы қазіргі замандағы жаңа технологиялық ортаның, коммуникация, білім мен ғылымның ерекшелігіне айналған. Қазіргі таңда латын әліпбиі үлкен беделге ие болып, қолданыс аясы да, мүмкіндігі де зор екендігін танытып отыр. Әлемде ақпараттың басым пайызы ағылшын тілінде таратылатынын ескерсек, Қазақстан үшін латынға көшудің пайдасы өте көп болары сөзсіз. Сондай-ақ бұл өзгеріс тіліміздің фонологиялық, лексикологиялық және терминологиялық жағынан дамуына бірден-бір кепіл бола алады.

Латын әліпбиіне көшу – жай әліпбиді ауыстыра салу емес, ол біз үшін өркениетті шешім. Бұл біздің ашық әлемнің бір бөлігі болуға талпынуымызды, алға жылжығымыз келетінін растайды және бұл осыған дейін Қазақстандағы білім беру жүйесін жетілдіру туралы идеялармен байланысты болып тұр.

Өз тілшіміз



ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІНІҢ ЛАТЫН ҚАРПІНДЕ ЖАЗЫЛУЫ

№	Жазылуы	Дыбыс-талуы	№	Жазылуы	Дыбыс-талуы
1	A a	[a]	17	N' n'	[ɲ], [ɲɪ]
2	A' a'	[ə]	18	O o	[o]
3	B b	[b]	19	O' o'	[ə]
4	D d	[d]	20	P p	[p]
5	E e	[e]	21	Q q	[k]
6	F f	[f]	22	R r	[r]
7	G g	[g]	23	S s	[s]
8	G' g'	[ɣ]	24	S' s'	[ʃ]
9	H h	[x], [h]	25	C' c'	[tʃ]
10	I i	[i]	26	T t	[t]
11	I' i'	[ɪ], [j]	27	U u	[ʊ]
12	J j	[ʒ]	28	U' u'	[y]
13	K k	[k]	29	V v	[v]
14	L l	[l]	30	Y y	[ɣ]
15	M m	[m]	31	Y' y'	[y]
16	N n	[n]	32	Z z	[z]

Тәрбие - тал бесіктен

Тәрбие тал бесіктен, иә, үш ауыз сөз, терең мағына. Қазақ деген дана халық қой, баласын дүние есігін ашқаннан отбасын, елін сүюге үйреткен. Апаларымыз сәбиін дәретсіз емізбеген. Осындай дана халықтың ұрпағы бүгін әлемде мәңгілік ел шамын жағып отыр. Ыбырай атамыз алғаш қазақ мектебін ашып, білімнің тау бұлағын орнатқан Қостанай төрінде көптеген білім ошақтары өз жұмыстарын жасап жатыр. Еліміздің ертеңін қалайтын, білімді жас ұрпақты тәрбиелейтін мектептің адам өмірінде алар орны ерекше. Мектеп - екінші үйіміз деп, бала кезде бекер айтпаған екенбіз. Балаға ата-ана мен мұғалім, қоғам берген тәрбие ұштасқан кезде өз жемісін береді.

Бүгінгі тақырыбымызға арқау болып отырған, Қостанай қаласының 17-ші жалпы орта мектебі. Бұл мектеп өзі аса үлкен болмаса да, қарқынды түрде жұмыс жасап жатыр. Қалалық олимпиадаларға, қоғамдық жұмыстарға қатысып, еліміздің дамуына белсене ат салысып отыр. Мектепте оқушыларға бүкіл жағдай жасалған. Асханасы мемлекеттік стандартқа сай бекітілген. Білім беру жағынан алдыңғы қатарлардан көрініп отыр.

Ең бастысы, мұнда қатаң тәртіп бекітілген. Оқушылар мен ұстаздар арасында өзара сыйластық қалыптасқан. Бұл мектеп басшылығының жемісі шығар. Бір қуантатын жайт, мектеп директоры Арқабай Сабыржанұлы мектепте патриоттық іс-шараларды өте жиі өткізіп тұрады. Сонымен қатар, үйірмелердің бүкіл түрі мектепте ашылған және өз жұмыстарын қарқынды

түрде жасауда. Бір қараша айының ішінде жеткен мектеп жетістіктері ауыз толтырып айтарлықтай. Кішкентай қызымыз - Жакупова Мейрамкүл «Мәриям оқулары» атты сайыста бас жүлдені қанжығасына байласа, мектебіміздің оқушылары 5-8 сынып аралығында өткен жаратылыстану-математика бағытындағы пәндер олимпиадасында «Үздік команда» атағын жеңіп алып, бірінші орынды иеленді. Сонымен қатар мектебіміздің «Рауан-17» атты би тобы елордамыз - Астанада өткен халықаралық «Экзерсис» сайысында екінші орынға табан тіреп, бір қуантты. Мысалы, қараша айында сыныпаралық жайдарлы «Жайдарман» және де «Сахна-17» атты ән сайысы өтті. Осы өткізілген іс-шаралар «Болашаққа бағдар рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жүзеге асырылуда.

Арқабай Сабыржанұлының тағы бір ерлігі - оқушыларға білім берер мұғалімдердің тәрбие де берерін ескеріп, джинсы немесе қысқа юбка киюге тиым салған. Өскелең ұрпақты дәл осылай тәрбиелеп, ұл-қыздарымызды инабаттылыққа жетелеп, тілімізді, дінімізді жас ұрпақ бойына сіңіріп отырған батыр ұлына мектеп мұғалімдері және оқушылары өз алғысын білдіреді.

**Нұрсұлтан Байраханов,
17-ші жалпы орта мектебінің мұғалімі,
Қостанай қаласы.**

